

Дәріс-1

ТЕРМИНТАНУ - ДЕРБЕС ҒЫЛЫМИ ПӘН

1. Терминология — дербес ғылыми пән
2. Терминтанудың ғылымдар жүйесіндегі орны туралы
3. Терминтану және оның салалары

Терминтанудың ғылымдар жүйесіндегі орны туралы бізде кейінгі жылдары ғана шет жағалап сөз қозғала бастағаны болмаса, бұл өзге елдердің ғалымдары тарапынан осыдан 30-40 жыл бұрын көтеріліп, арнайы қарастырылған, талқыланған мәселе. Түрлі елдердің терминтанушы ғалымдары тарапынан бұл мәселені зерттеуге арналған ғылыми еңбектер жарық көрді. Мәселен, Ресей ғалымдары терминтанудың ғылымдар жүйесіндегі алатын орны туралы мәселені өткен XX ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында, жетпісінші жылдардың басында көтеріп, көптеген ғылыми еңбектер жазды, ғылыми симпозиум өткізді. Содан бері оларда осы бағыттағы жұмыстар үздіксіз жүргізіліп, зерттеулер жалғасып келеді. Ресейдің маңдай алды жетекші университеттерінде терминтану бойынша 70-жылдардың екінші жартысынан бастап арнаулы курстар мен семинарлар жүргізіледі. Бұл тұрғыдан келгенде бізде отандық терминтанудың едәуір кенжелеп қалғаны байқалады. "Терминологияның теориялық және практикалық мәселелерін зерттеу әлі де жете қолға алынбай отыр.

Сонымен XIX ғ. екінші жартысы мен 1910 жылға дейінгі мерзімді қамтитын қазақ лексикасы терминденуінің алғашқы кезеңінің қоғам дамуының сол кездегі деңгейіне сәйкес, осындай өзіндік өзгешеліктері болды. Бұл кезеңде ғылым-білім кеңінен насихатталып, ғылым тілінің, ғылыми терминологияның қалыптасуына алғы шарттар жасалды.

XX ғасырдың бас кезі қазақ терминологиясының қалыптасуындағы айрықша кезең болып табылады. Бұл кезең 1910-1930 жылдар аралығын қамтиды. Өйткені, дәл осы мерзім аралығында қазақтың білікті ұлттық кадрлары қалыптасып, білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың негізі берік қаланған. Аталған уақыт ішінде ғылымның әр түрлі салалары бойынша жазылған А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы, Т.Шононов, Н.Төрекұлов, Қ.Жәленов сияқты қазақ зиялыларының еңбектері жарық көрді.

Ғылымның көптеген салалары бойынша қазақ тілінде төл оқулықтардың жазылуы және өзге тілдерден аударылуы салалық терминологияның қалыптасуына жол ашты. Сол кезеңде термин жасаудың белгілі бір орныққан дәстүрі, басшылыққа алатын тұрақты принциптері болмағандықтан, ондай күрделі міндеттерді атқару ісі қазақ оқымыстыларының өздеріне жүктелді.

Мұндай зор міндетті атқаруда қазақ оқырмандарының арасында А.Байтұрсынұлының орны айрықша болды. Ол жүздеген тіл, әдебиет және жалпы мәдентке қатысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете білді. Ұлы жазушымыз М.Әуезов сөзімен айтқанда, өзі өмір сүрген дәуірде қазақ халқының «рухани көсемі»

атанған дара тұлғаның термин шығармашығындағы ісі өзгелерге де өнеге бола отырып, ғасыр басындағы бүкіл термин жасау бағытын белгілеуге негіз болды десек артық айтқандық болмайды. А.Байтұрсынұлының қаламынан туған тіл, әдебиет терминдері сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы жасалған.

"Терминоведение" терминін 1967 жылы 30 мамыр мен 2 маусым аралығында Ленинградта өткен Екінші бүкілодақтық терминология мәселелеріне арналған мәжілісте В.П. Петушков ұсынған. Содан бастап бұл терминді одақтың көптеген тілші ғалымдары қолдана бастады. Терминдерді зерттейтін ғылым саласын "терминология" деп атауды күп көретін кейбір тілші ғалымдардың да бар екендігіне қарамастан, соңғы жылдары "терминоведение" термині жаппай қолданыла бастады. Біз де терминологиялық лексиканы зерттейтін бұл саланы "терминоведение" деп атайтын ғалымдар пікірін қолдаймыз. Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде осы соңғы жылдарға дейін тек "терминология" термині қолданылып келді. Соңғы 5-6 жылдың көлемінде біз бұл саланың атауын "терминоведение" терминінің үлгісімен "терминтану" деп атап, солай қолданып жүрміз. Себебі көп мағыналы "терминология" атауына қарағанда бұл термин ұтымды жасалған, саланың өзіндік ерекшелігін көрсететін атау деп санаймыз.

Бізде терминтану (терминология) күні бүгінге дейін тіл білімінің, оның ішінде, лексикологияның бір саласы ретінде қарастырылып келді. Осы уақытқа дейін жазылған оқулықтардың бәрінде дерлік, өзге елдерде терминтануды дербес ғылыми пән ретінде қарастыратын ғалымдардың бар екендігі жөнінде мәлімет те берілмеген. Бұл біздің елімізде терминология мәселелерінің тиісті деңгейде зерттеліп, өзге жұрттардың ғалымдарымен, терминтану мектептерімен, терминологиялық орталықтармен байланыстың орнатылмағандығын көрсетсе керек. Сондықтан да бұл бағытта атқарылуға тиісті істеріміз аз емес екендігі анық.

Қазіргі кезеңде терминтану мектебі қалыптасқан бірнеше елдің ғалымдары терминтануды дербес ғылыми пән ретінде танып отырғандығын айту керек. Сөзіміз дәлелді болу үшін олардың ғылыми еңбектерінен, әр кезеңде айтқан пікірлерінен үзінділер келтірелік. Мысалы, В.П. Петушков былай деп жазады: "Озінің көп жылдық тарихы бар екендігіне қарамастан, терминтану - бұл жаңа қалыптасып келе жатқан ғылым". (Петушков В.П. Лингвистика и терминоведение//Терминология и норма. - М., 1972.С.116.).

Терминтануды білімнің айрықша саласы деп санайтын Дж.Сейгердің оның ғылымдар жүйесіндегі орны туралы 70-жылдары айтқан пікірі мынадай: "Терминологияны дербес сала ретінде қарастыратын уақыт жетті. Осы уақытқа дейін ол лингвистиканың біршама аз мән берілген саласы болды. Тіл мамандарының терминологияға өте аз көңіл бөлуі кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені көбінесе оны зерттеу дәстүрлі лингвистің күзіретінен тыс жатқан қағидаттарға негізделген" (Sager 1974, 74-75).

Ал Ф.Ригз терминология лексикология мен концептологияның (ғылымда ұғымдар мен олардың арақатынасын білімнің бірлігі ретінде зерттейтін философияның саласы) арасынан орын алу керек дейді. (Rigss 1979). Ол терминтанушы лексиколог пен концептологтың арасында тұрған маман деп санайды.

Терминтанудың ғылым ретінде қалыптасуының мерзімі туралы осы мәселені арнайы зерттеген ғалым В.М.Лейчик былай деп жазады: "XX ғасырдың 70-жылдарының аяғы мен 80-жылдарының басында терминтануды ғылыми пән ретінде қалыптасып болды деуге болады" (В.М.Лейчик, 1989, 12).

Терминтанудың ғылымдар жүйесіндегі орны туралы пікір білдірген өз ғалымдарымыздың да бар екенін айта кету орынды. Олар "Ана тілі" газетінде "Терминология - ғылымтану ілімінің негізгі саласы" (Ш.Білал. "Ана тілі" газеті. 2003, мамырдың 22-сі) және "Терминология дербес ғылым емес" (Б.Момынова. "Ана тілі" газеті. 2004, наурыздың 18-і) атты мақала жариялаған Ш.Білал мен Б.Момынова. Газет мақаласы болса да, терминтанудың ғылымдар жүйесіндегі орны туралы мәселеге қатысты пікір айтылғандықтан, оларға қысқаша болса да тоқталып өткен орынды.

Атап айтқанда, орысша-қазақша әскери атаулар (Қызылорда 1927), Терминологический словарь (Ағыбайұлы, Алма-Ата, 1936), Қазақ тілінің терминдері (Қызылорда 1936), Русско-латино - казахский терминологический словарь (Т.2), М.Исламбеков, Алма-Ата, Изд.Ан Каз.ССР, 1960), Краткий русско-казахский словарь литературоведческих терминов (Т.Абетов, Алма-Ата, Изд. Ан Каз.ССР.1962), Русско-казахский краткий словарь лингвистических терминов (С.Кеңесбаев, Т.Жанузақов, Алма-Ата, 1963), Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі (Б.Бірімжанов, С.Омаров, Алматы, 1969), Орысша-қазақша қоғамдық – саяси терминологиялық сөздік (Алматы, "Қазақстан" баспасы, 1974).Ғ. Сапарғалиев Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі. (Алматы, 1995), Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі. Мемтерминком бекіткен. Алматы, 2004. Ғ. Қалиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005 т.б.

Қазақ терминологиясын бұрынғыдан да гөрі түпкілікті етіп қалыптастыру, тілдік тұрғыдан түсінік беру, олардың нәтижесін әртүрлі салаға баянды етіп сіңіру мәселесі өте зор маңыз алып отыр.

3 Терминтану және оның салалары. Дербес ғылыми пән ретінде танылып жүрген терминтану іштей бірнеше тармақтарға бөлінеді. В.М.Лейчик докторлық диссертациясында терминтану өз ішінде теориялық терминтану, практикалық (тәжірибелік), салғастырмалы термин-тану, тарихи (диахрондық) терминтану, терминтанушылық мәтін теориясы, терминтану тарихы деп аталатын бөлімдерден тұрады деседі.

Бізде терминологияны негізінен семасиологиялық терминтану, тарихи терминтану, салғастырмалы терминтану, қолданбалы терминтану тұрғысынан зерттеу біршама қолға алына бастады. Жарық көрген ғылыми еңбектердің терминология мәселелерін осы аспектілерде қарастырғанын айту керек. Терминография саласын зерттеуге арналған Е.Әбдірәсіловтің "Қазақ терминографиясының жүйесі" (2005) атты алғашқы монографиялық еңбегі жарық көрді. Ал терминтанудың қалған аспектілері тұрғысынан жүргізілуге тиісті зерттеулер әлі өз кезегін күтіп тұр деуге болады.

Дәріс-2

Парсы тілінің лингвистикалық сипаттамасы мен даму ерекшеліктері

- 1.Парсы тілінің лингвистикалық сипаттамасы
- 2.Парсы тілін зерттеген ғалымдар
- 3.Парсы тілінің типологиялық сипаты

Парсы тілі лексикасы қалыптасуына араб тілі үлкен әсер етті. Мамандардың айтуы бойынша, қазіргі парсы тілінің жартыдан астам лексикалық құрамы араб сөздерінен шыққан. Осыған қатысты олардың көбісі функциялды, активті, кең қолданыстағы сөз құрамына және фразиялогиямен қоса ежелгі Иран сөздерімен қолданыста жүр. Лексикамен бірге, кейбір грамматикалық формалар және дыбыстар, өзіндік араб тіліне, грамматикалық және парсы тілінің фонетикалық жүйесі толықтай үлкен табандылықты анықтайты және Иран лексикасының барлық түбірінің барық лексикасын сақтаған. Б.э. екінші мыңжылдықтарының ортасына қарай жаңа парсы тілінің лингвистикалық және экстралингвистикалық себептермен қатар диалектік айырмашылықтар айрықша көріне бастады.

Араб шапқыншылығына дейін парсы тіліне ерте грек, арамей, латын тілдері өз әсерін тигізді. Соған байланысты шамамен екі ғасыр уақыт ішінде араб тілі Иран халқының тарихында мәңгі өшпестей із қалдырды. Дегенмен, XIX-ғасырдың екінші жартысында парсы тілі өз күшіне еніп, жалпы халықтық тілге айналды да, араб тілі екінші дәрежелі тіл ретінде қалды. Осылай араб тілі парсы тілінің лексикалық құрамына ғана емес, грамматикалық ерекшелігіне де әсер етті. Ирандықтар арабтардың таңба, жазу жүйесін, диакритикалық таңбаларын өзгертпей сол қалпында қабылдады.

Парсы тіліндегі кірме сөздердің көбісі араб тілінен енген лексикалық элементтер болып табылады. XI-ғасырдың екінші жартысында діни, саяси, мәдени, экономика, ғылыми, әдеби, әскери салада парсы сөздері араб сөздерімен ауысты. Мысалы: *mosallem* мұсылман, *masjed* мешіт, *mellat* ұлт, *ketab* кітап, *loqat* сөздік және т.б. Парсы тілі ғылым мен техниканың, әдебиет пен мәдениеттің дамуы, саяси әлеуметтік және экономикалық байланыстың арқасында сөздік құрамы толығымен түсті.

Парсы мәдениеті – Азия аумағына кең тараған және кеңінен ықпал еткен мәдениеттің бірі. Парсы тілі (немесе фарси) үндіеуропалық тілдер әулетінің иран тобының оңтүстік-батыс тармағына жатады және Иран Ислам Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Осы тілде Орталық Азия халықтарының тарихы жөнінде көптеген құнды кітаптар жазылған. Иран – ежелгі өркениет ошақтарының бірі. Парсы тілі шығыс тілдерінің ішіндегі ең бір әсемі, ажарлысы, шұрайлысы. Парсы тілі ортағасырлық парсы әдебиетінің және Қайта жаңғыру дәуіріндегі әдебиеттің аса бай мұрагері болып табылады.

Қазіргі кезде парсы тілінде сөйлейтіндердің саны барынша мол: бұл Иран елінің мемлекеттік тілі болып барлық әкімшілік – басқару, қоғамдық және діни салалардың барлығында, Тәжікстанда, Пәкістанда, Ауғанстанда, Парсы шығанағында орналасқан Бахрейн, Ирак, Оман, Йемен, Біріккен Араб Әміриаты сияқты елдерде кеңінен пайдаланылады. Парсы тілі үндіеуропалық тілдер семьясына жатады. Иран тілдеріне: парсы тілі, тәжік тілі, күрд тілі, белудж тілі, тат тілі, талыш тілі, орталық диалект тілдерге (семани, натанзи және т.б.) ауған тілі (пушту немесе пашто), осетин тілі, яғноб тілі, памир тілдеріне: шуған-рушан тобы, язгулям, вахан, мунджан, ишкашим және т.б. енеді.

Парсы тілінде сөйлетіндердің саны – Иранның өзінде 65 миллионнан асады (шамамен 90 пайыз), Тәжікстанда 7 миллион астам адам, ал Ауғанстанда осы парсы тілінің варианты болып табылатын дари тілінде 34 миллион адам, Пәкістанда 2 миллион адам сөйлейді. Парсы тілін АҚШ-та, Ұлыбританияда, Германияда, Ресейде тұратын диаспора қолданады. Жалпы алғанда, 70 миллион адам парсы тілін бірінші

тіл, ал 62 миллион адам екінші тіл деп есептейді. Әрине, бұл арада барлық аумақта парсы әдеби тілі пайдаланылады деуге болмайды, әр жерде парсы тілінің диалектілік ерекшеліктері қалыптасқан.

Қазіргі кезде жазба тіл үшін парсы әліппесі қолданылады, ол араб әліппесінің негізінде жасалғанмен, парсы тілінің заңдылықтарын қамтитын бірнеше таңбалармен толықтырылған. Парсы әліппесінде 33 әріп бар, оңнан солға қарай жазылады. Парсылар VII ғасырдан бері араб әліппесін қолданып келеді. 1250 жылдан астам уақыт ішінде өмір елегінен өткен парсы әліппесі жер жүзінде әбден қалыптасқан әліппелердің біріне айналды.

Парсы тілінің әлеуметтік лингвистикалық жағдайын қысқаша түрде төмендегіше сипаттауға болады:

Бірінші. Парсы әдеби тілі классикалық парсы тілінен фонетика (әсіресе дауысты дыбыстарға байланысты), морфология, синтаксис, лексика жақтарынан үлкен айырмашылықтарға ие. Қазіргі кезде ауызекі сөйлеу тіліне жақындау, соған бет бұру үрдісі байқалады, бұған әсіресе, XX ғасырда парсы прозашылары жасаған туындылар зор әсер етті.

Екінші. Қазіргі парсы әдеби тілі Иранның ресми тілі және білім беру жүйесінің тілі болып табылады. Бірақ парсы диалектілері өте көп, сондықтан парсы интеллигенциясының тілді толық меңгерген топтарында қостілділік сипат бар деп саналады, яғни олар қазіргі парсы әдеби тілі мен диалектілік ерекшеліктерді араластыра пайдаланады. Оларда мазендеран, гилян сияқты иран диалектілермен қатар әзірбайжан, түркімен, кашкай сияқты түркі диалектілері де бар.

Үшінші. Парсы әдеби тілін лингва франка деп санауға болады. Бұл терминге төмендегідей анықтама берілген: «Lingua franka – әртүрлі тілдерді пайдаланушылар арасындағы коммуникацияда қызмет ететін тіл; өзіндік сипатқа ие, аралас дәнекер-тіл, ол қарым-қатынастың нақты әлеуметтік-экономикалық ортасында (мысалы, саудада) әртілді тұрғындарға қызмет көрсетеді. Лингва франканы нақты бір жалпыұлттық немесе халықаралық тілмен теңдестіру ақиқатқа сәйкес келмейді».

Төртінші. Парсы тілі мемлекеттік тіл бола тұра, орта білім беру жүйесінде араб тілі міндетті пән болып саналады, бұл тіл парсы тіліне үлкен әсер етуде.

Бесінші. Қазіргі кезеңде лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың салдарынан қазіргі парсы тілі диалектілерінің арасындағы айырмашылықтар анығырақ байқалуда. Бұл жайт ауызекі сөйлеу тілінде басталады да, кейінірек жазба мәтіндердің стилі мен фразеологиялық құрамына көрінді. Парсы тілін зерттеушілердің көзқарастары бойынша бұндай айырмашылықтар бүгінгі таңда іргелі сипат алып отыр, яғни тілдің барлық қаттауларына тән болып отыр. Қазіргі Иран, Ауғанстан және Тәжікстан аумақтарында өзара туыстас үш мемлекеттік тіл бар деп айтуға болады, олар: парсы, дари және тәжік тілдері. Парсы тілі мен дари араб әліппесін, ал тәжіктер XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап кириллшені қолданғанымен, үш елдің тұрғындары өзара еркін түсінесе алатындай дәрежеде.

Парсы тілінің типологиялық сипаттамасына келетін болсақ, онда ең алдымен бұл тілдің синтетизмінің элементтері бар аналитикалық тілдерге жататындығын атауға болады.

Парсы тілінде араб сөздері, мамандардың көрсетуі бойынша 60-80 пайызды құрайды. Кейініректе парсы тілінің лексикалық құрамында монғол, түрік, батыс

еуропалық және аздаған орыс тілдері сөздері пайда болды. Өткен ғасырдың бас кезінде өзге тілден енген сөздерден тілді тазарту жұмыстары жүргізілді, яғни француз және ағылшын тілдерінен тілді тазарту жұмыстары жалғасуда. Олардың орнына парсы тілінің өзінің сөзжасамдық моделдерімен жаңа сөздер жасау жолға қойылған.

Дәріс-3

Тілдегі термин жасаудың басты мәселелері

1. Тілдегі термин жасаудың басты мәселелері
2. Термин жасалымның прагматикасы
3. Термин жасау тәсілдері

Тіл – қоғам дамуының айнасы. Атап айтқанда, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, қоғамдық, саяси, мәдени және экономикалық өзгерістер мен жаңалықтармен бірге жаңа ұғымдар да толассыз қолданысқа еніп жатыр. Осымен байланысты жаңа ұғымдарды атау, жаңа термин жасау үдерісі қазіргі таңда бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып, термин шығармашылығы өрісінде белсенді әрекеттерді талап етуде. Саяси-әлеуметтік өзгерістермен бірге ұлттық сана да жаңғырды, ұлттық тілдің қалыптасу, даму тарихы ұлттық тілді дамытудың болашақ бағыттарына сай үрдісін тереңірек зерттеп, анықтауды тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі ретінде белгілейді. Соған сәйкес ұлттық құндылықтардың ең негізгісі – ана тілін ғылым тіліне айналдыру үдерісі жандана бастады. Осы жолда тілдің даму тарихын зерттеп, термин қалыптастырудың тәжірибесіне үңіліп, оның озық жақтарын басшылыққа алу, бүгінгі қажетімізге жарату – маңызды міндет. Соңғы уақытта қазақ тіл білімінде, атап айтсақ, Ә. Қайдардың, Ө. Айтбайұлының, Ш. Құрманбайұлының, Б. Қалиевтың, Е. Әбдірәсіловтің, С. Исақованың, Қ. Айдарбектің еңбектерінде терминология мәселесі пәрменді түрде зерттеліп, ұлттық ғылым тілінің қалыптасу кезеңдері анықталып, оны дамытудың бағыттары мен негізгі қағидаттары белгіленді.

Тіл - қоғам өміріндегі құбылыстарға, өзгерістерге сай жаңару, жандану сияқты даму процесін бастан өткізетін тірі организм іспетті. Әсіресе, ғылыми техникалық прогрестің барынша қарқынды даму сатысына көшкен бүгінгі таңда тіліміздің терминологиялық жүйесінде күн сайын жаңа түсінік, ұғым арқалаған сөздер туындап отырады. Бұндай сөздер баспасөз, радио, теледидар тілінен, әр алуан ғылым салаларының сараланған терминологиялық жүйесінен байқалады. Яғни өмірдің өзіндегідей тілде де даму процесі үздіксіз жүріп жатады. Жаңадан жасалған терминдер «тағдыры» не болмақ? Олар қолданысқа ене ме, жоқ әлде тасада қалып қоя ма?

Тіліміздің терминологиялық лексика қабатының дамуына қосқан үлесі бар ма? Қоғамдағы терминдердің қызметі қандай? Ыңғайдағы сұрақтар жаңадан көрініс тауып отырған термин төңірегінде үнемі туындап отырады. Олардың әрбірі қоғам тарапынан қолдауды, тілдік тұрғыдан жүйелеуді қажет етеді. Сондықтан да термин жасау, қалыптастыру, терминологияны жүйелеу, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу – бүгінгі күннің кезек

күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады. Ал термин жасау, жасалған терминдерді қалыптастыру – үнемі қадағалап, реттеп отыруды қажет ететін өте жауапты жұмыс. Олай болмаған жағдайда терминологиядағы жүйеліліктің, реттіліктің бұзылары сөзсіз, терминологиямыздағы бірізділіктің сақталмай әр автордың өзінше термин жасап, термин қолдану жұмысының әлсіздігінен, өкілетті орындардың өз қызметін тиісті деңгейде атқара алмай отыруынан деп білген жөн. 1910 – 1930 жылдар аралығында үстемдік етуші орыс тілінің мүддесі көзделіп, термин жасау мен шет тілдер сөздерін қабылдауда өзге ұлт тілдерінің ерекшелігі ескерілмеді. Ұлт тілінде термин жасаудың мүмкіндігі шектеліп келуінің салдарынан тіліміз термин қабылдағыш тілге айнала бастады.

1990 жылдардан бері қарай ұлттық ғылыми терминологияны дамытудың жаңа принциптерін жасау күн тәртібіне қойылды. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа ене бастады. Жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындары да бар. Ондай сәтсіз жасалған терминдер қазақ тілінің термин жасауға «икемсіздігін», ғылыми ұғымдарды дәл беруге мүмкіндігінің жетпейтіндігін көрсетеді.

Қазіргі парсы тілінде терминологиядағы шешімін таппай жүрген мәселенің бірі халықаралық деп аталатын терминдерді ұлт тіліне аудару, жазу, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі. Сондай-ақ көптеген терминдердің терминология комиссиясы бекіткен парсыша баламалары бола тұра тұрақты қолданылмай немесе бұрынғысынша шет тілдеріндегі нұсқалары жарыса қолданылып жатады. Сондай-ақ қазақ тілінде де мұндай мәселелер баршылық. Мысалы: мәртебе (статус), сынып (класс), мәтін (текст), әлеует (потенциал). Сонымен қатар соңғы жылдары бір ғана термин түрліше аударылып, әр сөздікте, әр түрлі деңгейдегі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрліше қолданылып жүр. Мәселен, төменде берілген терминдер сондай бірізділіктің жоқтығын дәлелдейді: спонсор – демеуші, мияткер, қолдаушы; ткань – ұлпа, тін; клетка – жасуша, торша т. б. Олардың ішінде терминкомның ресми бекіткеніне қарамастан, бірізді қолданылмай жүргендері де бар. Осы мәселелерді арнайы зерттеп, тиісті қорытынды шығарудың терминология үшін маңызы зор. Терминтану ғылымы жақсы дамып, терминологиялық лексикасы дұрыс жүйеленген тілдерде ғылым мен техниканың әрбір саласының өзіне тән терминжасам үлгілері, сол саланың ерекшелігін көрсететін элементтері қалыптасқан. Біздің тілімізде де ондай қызметтерді атқара алатын сөздер тобы мен қосымшалар жетерлік. Терминологиялық лексикада кездесетін ондай олқылықтардың басты себептері: термин жасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілдің ішкі мүмкіншілігін дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен, яки жауапкершілікті сезінбеуден.

Терминдер аударғанда мыналарға көңіл бөлу керек:

Олардың біріншісі – айтылуы да, жазылуы да мүлде басқаша шет жұрттық терминдердің орнына өз тіліміздің әдеби, кәсіби, жергілікті тармақтарынан, тіпті болмаса, өзімізбен туыстас түркі тілдерінен балама іздеп тауып немесе қолдан термин жасап, соны қалыптастыру. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін анатомия, косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша тәнтану, риан, несие, бигеш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне деп алуға болатындығына көзіміз

жетеді. Біз бұл ұсынысты бұрын да айтқанбыз. Бірақ ешкімнің олай қарай аяқ басқысы келмейді.

Қазақша термин жасаудың екінші тәсілі – қай тілдің термині болса да, оны қазақ тіліне аударып қолдану. Бұл мәселеге келгенде біздің біраз аты дардай ғалымдарымыз: – Халықаралық терминдерді аударуға болмайды, оларды сол қалпында алу керек, – деп өре түрегеледі. Неге аударуға болмайды? Қай жылы, қай қалада, қай халықаралық кеңесте дүние жүзі халықтары жиналып, ұсынылған шартқа келісіп, қолдарын қойып, халықаралық терминдердің тізімін бекітті? – деген сұраққа ешкім жартымды жауап бере алмайды.

Халықаралық терминдер дегеніміз – сайып келгенде, латын, грек сөздері. Оларды «аударуға болмайды» деп жүргендер – негізінен еуропалықтар. Оларды түсінуге болады. Өйткені роман тобындағы тілдердің (француз, испан, итальян т.б.) түп төркіні – латын тілі. Ал герман тобындағы тілдердің (ағылшын, неміс, голланд, дат, швед, норвеж т.б.) түп төркіні – грек тілі. Әрине, бұл халықтар термин жасаса, өздерінің ата тілдерінде жасайтыны белгілі. Шығу тегі, түп- грек тілі. Әрине, халықтар термин жасаса, өздерінің ата тілдерінің негізінде жасайтындығы белгілі. Шығу тегі, түп-төркіні, туыстығы, құрылымы жағынан бұл тілдер бір-біріне өте жақын. Ал бұлардың ешқандай жақындығы да, туыстығы да жоқ, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қазақ тіліне не жорық, не сор?!

Егер халықаралық терминдерді аударуға болмайды десек, онда академик В.В.Виноградов айтқан 100 мың интернационалдық сөздердің бәрін сол күйінде алып, сол күйінде жазуымызға тура келеді (ол кісінің айтуынша, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін орыс тіліне 100 мың интернационалдық сөздер еніпті. Ал одан бері қанша уақыт өтті? Қазіргі кезде орыс тілінде қанша интерсөздер бар екендігін осыған қарап-ақ есептеп беруге болады).

Дәріс -4

Ирандағы тіл Академияларының қызметі және кезеңдері

1. Парсы тілі мен әдебиетінің академиясының құрылуы
2. Ирандағы тіл Академияларының қызметі
3. Ирандағы тіл Академияларының даму кезеңдері
- 4.

Соңғы кездерде Ирандағы тілдік Академия жайында Иранның бірінші Академиясы (farhangestan-e Iran) 1935 ж. Реза-шах тілдік шовинистік және парфиренистік саясаты негізге алына отырып құрылғанын айтуға болады. 1941 ж. соңына дейін бұл Академия өз жұмысын жалғастырды, «тазалау» жұмыстары жүргізілді. 1970 ж. қазанда Мохаммад-Реза-Пехлеви шахтың бұйрығымен Иран тілі Академиясы (farhangestan-e zabon-e Iran) негізінде аналогиялық қызметтерді атқарды. Бұл өз жұмысын Ислам Революциясының бастапқы кезеңінде 1979 ж. аяқтады. Ұзақ жылдардан кейін, 1990 ж. ақпанда, Революцияның Жоғарғы Одағының мәжілісінде Иран Ислам Республикасының Ел Басшысы Рафсанджанидың басшылығымен өтті. Ел Басшысы «Парсы тілі мен әдебиетінің Академиясы» (farhangestan-e zabon va adabiat-e farsi) деп аталатын жаңа академияның уставын бекітті. Жоғарғы Советтің бұйрығымен Академия парсы тілі мен әдебиетінің негізгі ғылыми орталығы болып жарияланды

Содан кейін қаншама жыл өтсе де үшінші Академияның жұмысы аса нәтижелі болмады. Мүмкін, Академия басшылығы бұрынғы академияның қателіктерін қайталаған болар. Екі Академияның негізгі басты жұмысы кірме сөздері және олардың орнына терминжасам жасау, өздігінен ғылыми-техникалық терминдер жасау болды. Барлық үш Академияның мақсаты парсы тілін дамыту және парсы тілін белгілі елдерде дамыту болып табылады. Олардың негізгі маңызды мәселесі уставта үш Академияның жұмысы жазылған және парсы тілінің грамматикасын толық қайта қарау деп есептеді. Бірақ, Академия парсы тілінің грамматикасының нормативтерін әлі күнге дейін жасамаған.

2000 жылы 13 тамызда «Эттелаат» атты газетте қазіргі жаңа парсы тілінің лексикасы жайындағы мақалада 2700 сөздің 17 европалық кірме сөздері және 215 араб кірме сөздері беріледі, көпшілік европалық кірме сөздер халықаралық сөздер болып табылады, бұл сөздер дүние жүзіндегі тілдерден енген кірме сөздер болып есептелінеді, мысалы:

Sindika синдикат, polis полиция, bank банк, melyun миллион, dollar доллар, oğura Европа, estratejik стратегиялық, demokrasi демократия және т.б.

Бірақ араб тілінен енген кірме сөздердің парсыша баламасын тапқан мынандай сөздер бар. Мысалы:

Mozhek –(xandeavar) күлкілі; tassakkole siyasi (saxtare siyasi) саяси структура; vukala-nemayandegan депутаттар, өкілдері; moarefi kardan –senasayi dadan таныстыру / кісіні/ және т.б. сөздерді айтуға болады. 1997 жылы Академия алғаш рет «Парсы тілі мен әдебиеті Академиясының бекіткен сөздері» атты жинағы шықты.

Ел парламенті қабылдаған нормотивтік құжаттардағы мәтіндер және қаулылардан 210 сөзді таңдап, талдау жасалды. Парсы ғалымдары сөздердің баламасын табуда өздерінің ұсыныстарын білдіріп жатты. Таңдалынған сөздер ақапарат құралдары арқылы халыққа жеткізіліп отырды. Сондай-ақ таңдалынған сөздер Академияда бекітілді және Ел Басшы қарауына жіберіліп отырды. 19 саладағы ғылыми және техникалық ағылшын, француз, неміс терминдері болып табылады. Осы орайда халықаралық терминдердің ұлттық терминдердің баламасын табу мәселесі туындайды. Мысалы: akademi, anstitu, test, operator, e-mail, bulletin, faks, catalog және т.б. сөздер барлық тілдерде кездеседі және бұл сөздерді ұлттық сөздерге айналдырудың қажеті жоқ сияқты. Дегенмен бұл сөздердің баламасы араб тілінде бар.

Ұлттық терминдер тек ғылыми мәтіндерде қолданылуы мүмкін. Әрине егер әр тілден енген кірме сөздердің парсы тіліне енген сөздерінің баламасы табылып кең қолданысқа ие болып жатса, қоғамда экономикалық, саяси, медицина және т.б. салаларда сауатты қолданып түсіне алады.

Дәріс-5

«فرهنگستان» академиясының терминология саласы бойынша жұмыстарының нәтижесі.

1. Академияның ғылыми жұмыстарының нәтижесі.
2. Иран Академиясы немесе Иран тілі Академиясының басты мақсаттары
3. Академия құрастырған жаңа терминдер

Қазіргі кезде Ирандағы Академияның жұмысы парсы лексикасын толтырумен бірге, парсы тіліне енген шетел кірме сөздерін зерттеп, анықтап жатыр. Бұл сөздер Академия тарапынан бекітіліп, сонымен бірге әр саладағы кірме сөздерді, жаңаша парсы эквиваленттерімен толықтырып, парсы терминжасамды енгізіп отыр. Ирандағы Академия

(1935-1941 ж.) парсы тілінде кірме сөздерден тазарту, соның ішінде араб тілдерінен тазарту болды. Бұл Академияның жұмысы 6 жыл ішінде 2 мыңдай сөзді таңдап алып, бұл сөздердің синонимін парсы тіліне берді. Қазіргі таңда бұл сөздердің 90% қолданыста бар. Академияның жұмысы өте көп пайдалы сөздерді қолданысқа әкеліп отыр. Мысалы: arz-валюта, bazpors-тергеуші, behgash- денсаулық сақтау, tolgaz-mang- бірдей, ruz akzur- өсуші, және т.б.

Осымен бірге үшінші парсы тілі мен әдебиеті Академиясы 6 мың сөздің синонимін парсы тілінде тауып бекітті. Мысалы:

Бәст бәрдори- биопсия, рәлойе – фильтр, сағвин-хлорафил, волрсандж – вольтметр, ләхте – клетка және т.б.

Екінші Иран Академиясы мынадай жұмыстарды атқарды: Мысалы: abzidan, gayane компьютер (ағылшын тілінен) және т.б. Академия 1941 жылы өз қызметін тоқтатып, кейін бірінші рет, парсы тілін жетілдіру және ғылыми-техникалық, экономикалық терминдердің жасалуына көп көңіл бөледі.

Екінші Иран Академиясы екі тілді орыс-парсы, парсы-орыс сөздіктерді құрастырып жинақтады. Екінші Иран Академиясы немесе Иран тілі Академиясы (1970-1980 ж.) өзінің жұмысын пуризм принциптері және европа, араб сөздерінің орнына таза парсы лексикасын енгізу және парсы тілінің аясын дамыту басты мақсаттардың бірі болып табылады. Сонымен қатар парсы синонимдерімен толықтырылды. Осы сөздердің синонимдік қатары дұрыс өз орнын тапқан. Олар төменде берілген:

Amuzane-айлық төлем ақы (араб тілінде sahriye, ағылшын тілінде tuition-fee) garuhe-amuzesh- кафедра (ағылшынша department, араб тілінде kozsi), rohkor-процедура (араб тілінде tarze-amal, ағылшын тілінде procedure), korbord-қолдану (араб тілінде estemal, ағылшын тілінде application) және т.б.

Бірақ Иран тілдері Академиясы ұлттық және негізгі кейбір сөздердің мағынасын таба алмай, солай қалдырды. Мысалы: миксер, ағылшынша mixer, afzargan техникамен қамтамасыз етумен жабдықтау ағылшын тілінде hardcore парсыша (saxt'afzar , system систем) және т.б. мысалға айтуға болады. Парсы тілі мен әдебиеті Академиясы (1990 ж.) құрылды, бұрынғы Академияның жұмысын әрі қарай жалғастыру мақсатында көлемді және пайдалы жұмыстарды атқарды.

Үшінші Академия өзінің жұмысын тек араб тілімен күресумен емес, бәлкім ұлттық негіздерді ескеріп, парсы тілін сақтауға және дамытуға, ұлттық құндылықтарды қорғап және елдің ғылымын дамытуды мақсат тұтты.

Бірақ Шаһ кезінде европалық тілдер, соның ішінде ағылшын, пуризм принциптерімен және арабизммен күресу, 1979 ж. Ислам Революциясынан кейін европалық тілдер, араб тіліне орын беріп, Иранда араб тілі шетел тілдері ішінде ең мықтысы болып табылады. Солай араб тілі жалпы оқытылатын пәндердің ішінде негізгісі болып, мектеппен, университеттерде оқытылатын болды және әлі күнге дейін араб тілі жоғары орындары мен мектептерде оқытылып жатыр.

Сол кезде Академияның қызметінде діни, революциялық, саяси сөздер енді және парсы тіліне шетел сөздері болып енді. Парсы тілі мен әдебиеті парсы тіліндегі шетел сөздерінің орнын жаңа парсы тілінің сөздерімен ауыстыруды мақсат тұтты. Кейбір сөздердің ішінде 19 салаға қатысты кейбір сөздер ұтымсыз қолданылған. Бұл сөздер парсы тілі критерилеріне мүлдем сай келмейді. Солардың кейбіреулерін атап өтетін болсақ:

- 1) Қазіргі замандағы парсы тілі критерилерге сәйкес келмейді. Мысалы: gazebe-степендия, burs (etahsili) және ratebegir степендиат bursiye.
- 2) taraban жүктің бір транспорттан басқа көлікке затты бағыттауы парсы тілі фонетика ережелеріне жауап бермейді.
- 3) Парсы сөздерінің түбірі мүлдем болмаған сөздер. Мысалы: ojutale бетонное покрытие , яғни slal.
- 4) Өз мағынасын дұрыс бермейді. Мысалы: rohname доктрия-doktrin, safargohti туристік агенства, azans-e mosaferrati және т.б.

Қазіргі кезде Иранда сөздерді қолдану парсы түбірлерімен жасалынған сөздер парсы мемлекеттік ақпарат көздерінде, әрбір баспаларда көруге болады. Академияның таңдап алған сөздері алдымен арнайы брошюраларда (2005 ж.) шықты. Кейін Академияның қабылдаған сөздері атты жинағы 2 том болып шықты.

Жалпы осы кезге дейін Үшінші Академия 40-қа жуық салаға қатысты 5165 шетел терминдерін өздері таңдады. Академиялық таңдау классификациясы бойынша мынандай үш топқа бөлінеді:

- 1) Бекітілген кірме сөздері;
- 2) Әр түрлі мәтін мен сөздіктерден алынған сөздері;
- 3) Академияның өзі құрастырған сөздері;

Осы зерттеулер алғаш әртүрлі 19 салаға қатысты болып, оның көп бөлігі, әртүрлі сөздіктер мен мәтіндерде қолданысқа түсті. Бұл сөздердің көп бөлігі Академия таңдаған сөздер: экономика, медицина, тамақтану, рельстік тасу, әуе-тау, компьютер, мектеп курсындағы мағыналық лингвистика, мектеп қурысындағы биология, география және телевидение, химия, политология, жалпы туризм, спорт, өнер халықаралық қатынасқа байланысты және т.б. Мысалы: Sabane-ye banki-банк системасы, ағылшынша banking system, билет-e tamam bana-билеттің толық бағасы- full rate ticket, abarrayane-супер компьютер, ағылшынша super computer және

Дәріс-6

Парсы тілі лексикасының дамуының негізгі факторы болған бөтен тілдерден енген терминдер.

- 1.Басқа тілдерден енген кірме сөздердің тарихи жолдары
- 2.Ислам дінінің таралуы
3. Бөтен тілдерден енген терминдер.

Қоғамда адамның ең негізгі қатынас құралы болып табылатын тіл талай кезеңдерді басынан кешіргені рас. Өйткені адамның санасы секілді тілдің өзі де көне, әрі мейлінше көп салалы құбылыс. Халықтың белгілі бір тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өмір тіршілігі, өзге елдермен қарым-қатынасы және дәстүрі ең бірінші, олардың тілінен, сөз мағынасынан айқынырақ көрінеді. Сайып келгенде, айтып өткен жөн, адам өмірдегі құбылыстардың ішінде ең алдымен тіл болып табылады. Тіл адамдардың еңбек ету процесінде қажеттіліктен туа отырып, адамдар сол көне заманнан бері көмекші құрал ретінде пайдаланылып келе жатыр. Әр елдің өзінің көршісі болған соң тіл жағынан

ауыс-түйістік үнемі болатыны белгілі. Парсылар да өздерінің ұзақ тарихы барысында өзіне көрші немесе алыс жатқан елдермен тығыз байланыс жасап келеді.

Соның нәтижесінде қазіргі парсы тілінің сөздік қорында араб, түркі, француз, орыс, ағылшын және т.б. тілдерден ауысқан элементтер кездеседі. Осы кезеңге дейін парсы сан алуан өзгерістерге ұшырап, басқа тілдерден енген сөздермен лексикалық сөздік қоры байып толыға түсті.

Парсы тілінде 40 немесе 50 пайыз араб тілінен, он пайыз еуропа тілдерінен енген сөздер бар. Бұл сөздердің әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар: Ислам дінінің Иранда таралуы, Ислам дінінің қабылдануы, монғолдардың шабылуы, және олардың ұзақ жылдар бойы Иранда орнығуы, түрік патшалығының басқаруы, орыстардың шабылуы, саудасаттықтар, тіл қажеттіктері, шетел тілінен аударылған кітаптар, ирандық студенттердің шетелде білім алуы және олардың Иранға қайта оралуы, туристердің Иранға келуі, жаңа технологияның енуі, ғылымилықты көрсету, сол тілде баламалардың болмауы және т.б. айтуға болады. Шығыс – адамзаттың ұлы өркениет бесігі. Соның ішінде Иран өркениеті мен мәдениеті ерте заманнан осы кезеңге дейін өзінің құндылығын жоғалтпады. Исламдтан бұрынғы дәуірлерден келе жатқан Иран мәдениетінің ықпалдары, Иран жері мұсылман өркениетінің белді орталықтарының біріне айналған соң да жалғасқан. Көне Иран дәстүрлері, наным-сенімдерінің пішіні өзгеріп, исламдық сипат алды. Орталық Азияда, әсіресе, Түркістан өлкелерінде сопылық ағымның пайда болуында Иран мәдениетінің тікелей ықпалы байқалады. Сафауи билігі тұсында Иранда шиғалықтың бекінуіне қарамастан, әһли сүннет уәл жамағат жолын ұстанған Орталық Азия халықтары (түркілер мен тәжіктер) діни терминологияны парсыша қалпында қабылдады. Зәрдошт нанымынан келе жатқан наурыз мерекесі аталмыш өңірде Исламнан кейін де жалғасты, бірақ, мұсылмандық көрініс алды.

Алайда, мәдени ықпалдасу бір жақты ғана болмайды; Иран жерін ғасырлар бойы билеген түркілердің де көптеген сөздері, наным-сенімдері, әдет-салттары Иран мәдениетіне күшті әсер етті. Бүгінгі күні парсы тілінің сөз қорында алты мыңға тарта түркі сөзінің кезігуі осының айқын айғағы. Халықтарымызды бір-біріне жақындататын алтын көпір іспетті ортақ мұраларымыз бауырлас елдердің болашақтағы ізгі қатынастарының кепілі іспетті.

Тіл – қоғам дамуының айнасы. Атап айтқанда, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, қоғамдық, саяси, мәдени және экономикалық өзгерістер мен жаңалықтармен бірге жаңа ұғымдар да толассыз қолданысқа еніп жатыр.

Иранның ұлы тұлғалары мен данышпандарының шығармалары ежелден жұрт назарын өзіне аударғаны және аударып келе жатқаны баршаға аян. Ислам дінінің пайда болуы мен ирандықтардың исламды қабылдауының нәтижесінде ежелгі иран мәдениеті мен өркениеті қасиеті ислам құндылықтарымен ұштасып жаңа Иран Ислам мәдениеті дүниеге келді. Жаңа парсы тілінің өзінің морфологиялық синтаксистігімен көне Иран тілдерінен алшақ кетті. Ол аналитикалық типтік тілдерінің бірі болып табылады. Кейде фарси деп те аталатын қазіргі парсы тілі Иран Ислам Республикасының мемлекеттік тілі болып келеді. Ол үнді еуропа тілдер отбасына кіретін славян, герман, роман және тағы басқа тілдермен қатар Иран тілдер тобына жатады. Иран тілдер тобына сонымен қатар Иран, Ирак, Ауғанстан, Пәкістан, Орта Азия, Ресей аймақтарында таралған тілдер жатады. Олар: тәжік, дари, пашто, курт, тат және басқа да тілдер жатады. Б.э. VII ғасырларда исламның таралуынан кейін Иран аумағында араб тілі болды және жазу түрінде да араб тілі

қолданылды. Дегенмен араб тілі, үлкен тұрақтылықпен дамуын жалғастырған ирандықтардың ана тілін баса алмады. Б.э бірінші мың жылдықтарының соңына қарай қаланған тіл жаңа парсы немесе классикалық парсы тілі деп аталды. Кейін парсы тіліне түркі-монғол, батыс-европалық және біраз орыс кірме сөздері енеді. Жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап иранда кірме сөздерді жоюға бағытталған мақсатта жұмыс жүреді. Басында ол барлық кірме сөздерге қатысты болады. Соңғы кездері ислам Революциясынан кейін) тазалаудың негізі тек исламдық емес кірме сөздер, яғни, негізінен ағылшын және француз тілдерінен енген сөздер болды. Парсы тілі лексикасының қалыптасуына араб тілі үлкен әсер етті. Мамандардың айтуы бойынша, қазіргі парсы тілінің жартыдан астам лексикалық құрамы араб сөздерінен шыққан. Осыған қатысты олардың көбісі функцияналды, активті кең қолданыстағы сөз құрамына және фразеологиямен қоса ежелгі Иран сөздерімен қолданыста жүр. Лексикамен бірге, кейбір грамматикалық формалар және дыбыстар, өзіндік араб тіліне, грамматикалық және парсы тілінің фонетикалық жүйесі толықтай үлкен табандылықты анықтайды және Иран лексикасының барлық түбірінің барлық лексикасын көбінесе белгілі өзгерістерге ұшырайды. Оның құрамы біртіндеп өзгеріп отырды, тілге жаңа сөздер кірді. Жаңа фразеологиялық бірліктер жасалды, басқа сөздер керісінше, қолданыстан мүлдем шығып кетті немесе архаизм сөздер қатарына ауысты. Осы үрдіспен семантикалық және фонетикалық өзгерістер кірме және ежелгі лексикада осылайша қаралды.

Сол тілдерден кірме сөздер жолымен, әр түрлі жанасулармен өз тарихына парсы тілі енді. Бұл тіл тек әдеби тұрғыда ғана ұсынылған жоқ, екі түрде болды, диалектік және сөйлеу, қарапайым, кәсіптік сөздермен. Араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың сан қырлы жақтарын қамтиды: Тәрбие және білім беру саласы: **کمال** «кәмаләт» (кәмелет — өсіп жетілген кез, толыққан шақ), **تربیه** «тәрбийә» (тәрбие), **معلم** «му'әллем» (мұғалім), **قلم** «қәләм» (қалам), **کتاب** «кетаб» (кітап), **دفتر** «дәфтәр» (дәптер), **الفبا** «әлеф-ба» (әліппе), **ادبیات** «әдәбийат» (әдебиет және т.б. Сол кездері «Қият, Отырар, Тараз, Шаш, Бұхара, Самарқанд және басқа қалалар мәдениет-тің ірі-ірі орталықтарына айналды, бұларда Әл-Хорезми, Әл-Фараби, Әл-Беруни, Әбу Әли ибн Сина және бүкіл территориясында араб әдеби тілінің орнығуы себепті көптеген аса көрнекті ғалымдар мен ақындар өздерінің шығармаларын осы тілде жазды. Мұның өзі араб тілінде ғылыми терминдердің қалыптасуына едәуір ықпал етті. Бұл кезде Орта шығыс елдерінде әсіресе жаратылыстану ғылымдары зор қарқынмен дамыды. Мемлекеттік дін – ислам кеңінен таратылды. Арабтар жаулап алған жерлерде ежелгі түрік жазуы ығыстырылып, оның орнына араб тілі мен араб жазуы енгізілді. Бірте Азия мен Европалық көптеген тілдеріне арабша ғылыми терминдер мен кірме сөздер ене бастады. Әсіресе математика, астрономия, география, теңіз істері мен сауда саласындағы, әкімшілік терминдері кең өріс алды. Олар: азурит, азимут, алколоид, альмукантарат, алгоритм, алгебра, икс, цифра, зенит, вега, маркеб, муссон, везир, халиф сияқты сөздер. Мұндай мысалдарды кептеп келтіруге болар еді. Қазіргі өзбек және азербайжан тілдерінде орыс және интернационалдық терминологиямен қатар арабша ғылыми терминдер де жиі қолданылады.

XX-ғасырдың басында еуропа тілдері парсы тіліне қатты әсерін тиіуімен, соның ішінде француз тілінен кірме сөздері бірінші орында тұрды. Осыдан француз кірме сөздері парсы тілінде мәдениет, экономика, ғылым, өнер, техника саласында және де тұрмыс-тіршілікте қолданыла бастады. Сондай қарқынмен ғылым, техника, экономика және тағы

да басқа салада француз кірме сөздерімен толықсып көбейе түсті. Сонымен қатар, сонау Қаджр заманында Иран елінің Батыспен байланысының байланыстырушысы Француз елі болатын. Сол кезеңнің ел арасында тараған саудаластық кәсіптің өршуі ел аралық саудасаттық өршіп тұрды. Солай келе Иран халқы сауда-саттық қарым қатынасы арқасында француз елінің сөздік қорымен ел арасына ене бастаған болатын.

Қорытындылайтын болсақ, парсы тілінің үнді-европалық тілдерінің ішінде ең маңызды рөл атқарады, қазіргі таңда парсы тілі - тек Иранда ғана емес, Ауғанстан, Тәжікстан, сондай-ақ Пәкістан мен Үндістанның және Бахрейн тәрізді Парсы шығанағындағы бірқатар мемлекеттерде пайдаланылады. Десекте, бұл тілдің иран тарихымен тұспа-тұс келе жатқанын ескерсек, тарихы ұзақ кезеңдерді бағындырады.

Дәріс 7

Парсы тіліндегі арабизмдер және олардың парсы тіліне әсері

1. Араб тілінің парсы тіліне ену жолдарының тарихы.
2. Парсы тіліндегі арабизмдер және олардың парсы тіліне әсері
3. Араб терминдерінің жасалу жолдары

Қоғамда адамның ең негізгі қатынас құралы болып табылатын тіл талай кезеңдерді басынан кешіргені рас. Өйткені адамның санасы секілді тілдің өзі де көне, әрі мейлінше көп салалы құбылыс. Халықтың белгілі бір тарихи дәуірдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өмір тіршілігі, өзге елдермен қарым-қатынасы және дәстүрі ең бірінші, олардың тілінен, сөз мағынасынан айқынырақ көрінеді. Сайып келгенде, айтып өткен жөн, адам өмірдегі құбылыстардың ішінде ең алдымен тіл болып табылады. Тіл адамдардың еңбек ету процесінде қажеттіліктен туа отырып, адамдар сол көне заманнан бері көмекші құрал ретінде пайдаланылып келе жатыр. Әр елдің өзінің көршісі болған соң тіл жағынан ауыс-түйістік үнемі болатыны белгілі. Парсылар да өздерінің ұзақ тарихы барысында өзіне көрші немесе алыс жатқан елдермен тығыз байланыс жасап келеді.

Соның нәтижесінде қазіргі парсы тілінің сөздік қорында араб, түркі, француз, орыс, ағылшын және т.б. тілдерден ауысқан элементтер кездеседі. Осы кезеңге дейін парсы сан алуан өзгерістерге ұшырап, басқа тілдерден енген сөздермен лексикалық сөздік қоры байып толыға түсті.

Араб шапқыншылығына дейін парсы тіліне ерте грек, арамей, латын тілдері өз әсерін тигізді. Соған байланысты шамамен екі ғасыр уақыт ішінде араб тілі Иран халқының тарихында мәңгі өшпестей із қалдырды. Дегенмен, XIX-ғасырдың екінші жартысында парсы тілі өз күшіне еніп, жалпы халықтық тілге айналды да, араб тілі екінші дәрежелі тіл ретінде қалды. Осылай араб тілі парсы тілінің лексикалық құрамына ғана емес, грамматикалық ерекшелігіне де әсер етті. Ирандықтар арабтардың таңба, жазу жүйесін, диакритикалық таңбаларын өзгертпей сол қалпында қабылдады.

Парсы тіліндегі кірме сөздердің көбісі араб тілінен енген лексикалық элементтер болып табылады. XI-ғасырдың екінші жартысында діни, саяси, мәдени, экономика, ғылыми, әдеби, әскери салада парсы сөздері араб сөздерімен ауысты.

Мысалы: mosallem мұсылман, masjed мешіт, mellat ұлт, ketab кітап, loqat сөздік және т.б. Парсы тілі ғылым мен техниканың, әдебиет пен мәдениеттің дамуы, саяси әлеуметтік және экономикалық байланыстың арқасында сөздік құрамы толыға түсті.

1935 жылы ұйымдастырылған тіл және әдебиет академиясы (Фарһангестан) «Парсы тілін шетел сөздерінен тазарту үшін» қаулы қабылдады. Бұл күрес әлі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Сол уақыттан бастап қаншама араб, түркі сөздерінің орнына парсы төл және жасанды сөздері енгізілді. Қазіргі кезде бұл мәселеге кең көлемде көңіл бөлініп отыр.

Дәріс 8

Парсы тілінде терминжасамда араб сөздерінің орны және оның жасалу жолдары.

1. Парсы тілінде терминжасамда араб сөздерінің орны
2. Парсы тілінде терминжасамның жолдары
3. Бабтардың жасалу жолдарының ерекшеліктері

Иран тарихшыларының айтуынша, ол араб халифасының қарамағына Сасани әулетінің соңғы өкілі Йездегерд III тұсында хижридің 21-жылы (миладидің 643-жылы) енді. Міне, осы 21-хижри жылы Иранның ислам дінін ресми қабылдауы болып есептеліп, Иранның Ислам дәуіріндегі тарихының басы болып саналады.

Иранның 200 жылға жуық тікелей араб халифасының құрамында болды. Міне осы екі ғасырға жақын уақыттың ішінде Иран және араб халифасының ықпалындағы елдердің жергілікті тұрғындары өздерінің дінін, фәлсәфи, әдеби, дәрігерлік, т.б. салалардағы шығармаларын араб тілінде жазды, басқа тілдердегі ғылыми және әдеби кітаптар араб тіліне аударылды, медреселерде сабақ тек араб тілінде жүргізілді, ресми үкімет орындарында, хат жазып, хат алуда араб тілі пайдаланылды, өздерінің төл жазуы бар елдер түгел дерлік араб жазу жүйесіне ауысты.

Ғасырлар бойы (б.з.д. үшінші ғасырда б.з. жетінші ғасырына дейін) ресми мемлекеттік және Зароастра діни тіл болған, дамыған, өзінің жазу жүйесі бар, көптеген әдеби, діни ескерткіш, деректер қалдырған орта парсы тілі от басы, ошақ қасы тіліне айналды. Бір сөзбен айтқанда, екі ғасыр бойы арабтар атының тұяғы тиген елдердің рухани өмірінде, әдебиеті мен ғылым-білімінде араб тілінің билігі шексіз болды. 205 хижри (821-милادي) жылында Хорасанда саяси тәуелсіздік билікті тұңғыш рет ирандық Таххири әулеті қолына алды. Алайда араб тілінің күші, әсері, ызғары ұзақ уақыт созылып тұрды, иран халқының тарихында мәңгі өшпестей із қалдырды.

Тек ислам дәуірінің үшінші ғасырының (б.з.б. IX-ғасырының) екінші жартысынан бастап, әсіресе, Самани әулетінің тұсында жаңа парсы (дари) тілі өз күшіне мініп, қуатын бойына жиып, жалпы халықтық тілге айналды, араб тілі екінші дәрежелі, негізінен діни тіл ретінде қалды. Парсы тілі осы кезеңнен XVI ғасырға дейін, тіпті одан да бері Таяу Шығыс пен Орта Азияда халықаралық, ғылым, әдебиет, мәдениет тілінің ролін атқарды, парсы тілін білу – көзі ашық адамның мәдени көрсеткіші, өлшеуіші болды.

Егеменді, тәуелсіз өмірдің айғағы, жаңа парсы классикалық әдебиетінің негізін салушы Рудакиден (329 хижри-камари, б.з. 941 жылы дүние салған) бастап парсы әдебиеті төрт аяғынан тік тұрып, қанатын кең жайды.

Орта парсы тілінің табиғи жалғасы жаңа парсы тілінде Әбілкасым Фердоуси «Шаһнамесін», Омар Хайям рубailerын, Саади Ширази «Гүлестан» мен «Бустанын», Мұхаммад Хафез ғазелдерін, т.б. ондаған-жүздеген шайырлар өздерінің «құлақтан кіріп,

бойды алар» өлең, дастандарын дүниеге келтірді. Ғылымның барлық салалары – тарих, теология, т.б. бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтерілді.

Мухаммад Хорезми, Әбу Әли Сина, Әбу Райхан Бируни, Әбу Наср Фараби, Мұхаммад Закария Резаның т.б. араб және парсы тілінде жазылған еңбектері латын және басқа тілдерге аударылып Еуропа ғылым әлемінде күні кешеге дейін ғалымдардың қолына түспес, ішсе шөлі қанбас білім бұлағы болып келді. Араб тілі парсы тіліне, оның тек лексикалық құрамына ғана емес, грамматикалық ерекшелігіне үлкен әсер етті. Ирандықтар арабтардың цифр, жазу жүйесін, диакритикалық таңбаларын өзгертпей сол қалпында қабылдады.

Парсы тілінде 28 әріптің ث c, ح h, ص c, ض z, ط t, ظ z, ع ейн, غ ғейн –араб сөзінен енген кірме сөздерді таңбалауда ғана қолданылады. Сол сияқты арабтың бұрыс көпше түрлері, кісі аттары кең жұмсалады. Парсы тіліндегі кірме сөздердің ден көбі араб тілінен енген лексикалық элементтер. Оларды парсы төл сөздерінен ажырату аса қиын емес: араб кірме сөздерінің көбісі – түбірі үш дауыссыз дыбыстан тұратын етістіктен жасалған есім сөздер мен есімшілер. Олардың араб тілінің морфологиялық құрылыс заңына орай жасалған ерекшеліктері менмұндалап, тегі бөлек екендігін тайға таңба басқандай көрсетіп тұрады.

Әрине, тек түбірден құралған сөздер жоқтың қасы. Әдетте сөз құрамында түбірден (үш дауыссыз дыбыстан) дауысты, кейде дауыссыз дыбыстар болады .

Араб сөзінің құрамындағы дауысты дыбыстар құбылмалы, өйткені сөздің өзгеруі, жаңа сөздің жасалуы қазақ тіліндегідей түбірге жұрнақ, жалғау қосылып жасалатындай емес, түбір ішіндегі дауыстылардың өзгеруі арқылы жасалады. Бұдан тыс араб сөзжасам жүйесінде түбірге жалғанатын жұрнақтар да (префикс, суффикс) түбірді нақ жарып, ішіне кіріп кететін жұрнақтар да (инфикс) қолданылады. Мысалы: elm-е hazar түбірлерінен жасалған парсы тілінде пайдаланатын мына сөздерге назар аударыңыз:

Шақырту ahzar ғылым elm

Дайын hazar мұғалім moallem

Қатысу hazur ғылыми elmi

Бетпе-бет hazuri ғалым alem

Араб тілінде түбірі үш дауыссыз дыбыстан тұратын етістіктердің алуан түрлі мағына беретін 15 бабы (باب) (араб, парсы тілінде баб деп аталады) Әр бабтың өзіндік масдарлары бар. اسم مصدر – дегеніміз белгілі бір грамматикалық форма, тұлға. Мысалы: اسم مصدر етістікпен жасалған есім сөздер және т.б. айтуға болады.

15 бабтың тоғызы (біріншіден оныншыға дейін тоғызшы бабтан басқалары) парсы тілінде жиі кездеседі, оның әрқайсысының тек өзіне ғана тән мәсдары мен мағыналық ерекшеліктері бар.

Әр масдардың формуласын, оның қай бабқа жататынын жатқа білу, алдымен, парсы тіліне енген араб кірме сөздерін қатесіз оқуға (парсы жазбасында олардың түп нұсқа тұлғасын толық ақтап жазылатынын жоғарыда айтып өттік) Екіншіден, оның мағынасын сөздікке қарамай-ақ шамамен анықтауға үлкен себебін тигізеді.

Араб тілінің сөздіктерінде сөз әліппе ретімен берілмей, түбір сөздің ұясында ғана беріледі.Төмендегі араб тілінен парсы тіліне енген сөздерді парсы сөздігінен әліппенің ретімен іздеп тапсаңыз, оларды араб лұғаттарынан کتب кәтәбә жазу етістігіне арналған ұядан ғана табасыз. Мысалы:

хатшы, жазушы كاتب

кітап کتاب

مکتوب хат және т.б. жазуға болады.

Сонымен араб тілінен тек жеке сөздер емес, сондай-ақ тұтас сөйлемдер, сөз тіркестері, тұрақты (идиомалық, фразалық) тіркестер қабылданған. Парсы тілінде олар жеке сөздер ретінде танылады, бөлшектенбей сол тобымен сөйлемде бір-ақ мүшенің қызметін атқарады. Теориялық тұрғыдан алып қарасақ, мұнда әрбір етістіктен он бес бабтың бәрін жасауға болады, шындығында сол 15 бапты түгел қамтыған бірде бір етістік жоқ.

Бірінші баб

Бірінші баб етістіктердің белгілі бір масдары жоқ. Оған алуан-түрлі тұлғадағы масдарлар жатады. Саны 40-қа жуық.

مصدر های باب اول

1-кесте. Бірінші баб.

اسم مفعول	اسم فاعل	مصدر мәсдәр
محسوب есептелінген	قاضی қазы, сот	-
معلوم белгілі	قرار қарар	-

مصدر های باب دو

2-кесте. Екінші баб.

اسم مفعول	اسم فاعل	مصدر мәсдәр
مصدق расталған	مصدق растаушы	تقسیم бөлу

Екінші баб күштеу, зорлау, мағыналарына ие, яғни іс-әрекет сыртқы объектіге бағытталған. Мысалы: تعلیم үйрету, معلم оқытушы (бір нәрсені үйренуге, білуге, білімдар болуға күштейтін адам).

باب سوم و چهارم

Парсы тілінде үшінші және төртінші бабтардың масдары мен негізгі есімше енген (ырықсыз есімше қолданылмайды).

3-кесте. Үшінші және төртінші бабтар.

اسم فاعل	مصدر мәсдәр	
مقابل қарама-қарсы	مذاکره талқы	III баб
مشکل қиын	اصلاح жөндеу	IV баб

باب پنجم و هشتم

4-кесте. Бесінші және алтыншы бабтар.

اسم فاعل	مصدر мәсдәр	
متبدل өзгертілген	تذکر ескерту	V баб
متفاعل	تفاعل	VI баб

باب هفتم و هشتم

5-кесте. Жетінші және сегізінші бабтар.

	مصدر мәсдәр	اسم فاعل
ҮІІ баб	Келісім өткізу انعقاد	منعقد келісілген
ҮІІІ баб	өтініш التماس экономика اقتصاد	مشتراك ортақ

باب دهم

6-кесте. Оныншы баб.

مصدر мәсдәр	اسم فاعل	اسم مفعول
استقراض қарыз, кредит	Егеменді مستقل	مستهلك төленген
استحصال өндіріс	Қарыздар, дебиттер مستقرض	مستدل дәлелденген

Біз жоғарыда парсы тіліндегі араб тілінен енген кірме негізінен жасалған кейбір экономикалық сөздердің жасалуын көрсеттік. Масдар мен есімшілер жасалғанда мына тәсілдер қолданылады:

- түбір дауыссыздарды арасына дауысты дыбыстар кірігіп, сөз түрлендіріледі, сөз тудырады;

- түбірдің екінші дауыссыз дыбысына екіленеді;

- префикс пен инфикс кең қолданылады;

- үшінші баб масдары араб тілінде түбірдің екінші дауыссыз дыбысынан кейін келетін хәрәкәтпен (фәthe, зәбәр) берілетін ә дыбысы парсы тілінде е дыбысымен алмасады;

- есімшілер мө (бірінші баб есімшесінен басқалары, ол мә префиксімен басталады) дыбыстары тіркесімен басталады;

- негізгі есімшеден түбірдің екінші және үшінші дауыссыз дыбыстарының арасында е (зир, кесрэ) тұрса, ырықсыз есімшелерде ә дыбысы (зәбәр, фәthe) келеді;

- үшінші және оныншы бабтардың ырықсыз есімшелері парсы тілінде сирек кездессе, бесінші, алтыншы бабтардың ырықсыз есімшелері іс жүзінде қолданылмайды;

- кейбір ырықсыз есімшелерде әсіресе сөйлеу тілінде екінші және үшінші түбір дауыссыздары арасында е (зир) ә (зәбәр) дыбыстары қатар қолданыла береді;

Осылай масдарлар мен есімшелер басқа да есім сөздер секілді белгілі бір үлгі негізінде жасалады. Сондықтан оларды есте сақтау, бейтаныс сөздерді дұрыс оқуға негіз болады, әрине ол үшін сөздің (түбірдің) түп мағынасын білу керек.

Дәріс 9

Түркі тілінің парсы тіліне әсері.

1. Түркі тілдерінің парсы тіліне ену жолдарының тарихы.
2. Түркі тілінен енген терминдер
3. Түркі тілінен енген экономикалық терминдер

Түркі тілі лингвистердің пайымдауынша дүние жүзіндегі жоғарғы орында тұратын тілдердің бірі. Түркі тілінде 24000 етістік бар, ал парсы тілінде 5000 жуық, 1650 сөз түркі азербайжанының сөзі бар. Бірнеше мың сөз түркі түбірінен жасалған 600 дей сөз және одан басқа күнделікті қолданылатын сөздер бар. Мысалы:

مانند آقا ، خانم ، سراغ ، بشقاب ، قابلمه ، دولمه ، سنجاق ، اتاق ، من ، تخم ، دوقلو ، باتلاق ، اجاق ، آچار ، اردک ، آرزو ، سنجاق ، دگمه ، تشک ، سرمه ، فشنگ ، توپ ، تپانچه ، قاچاق ، گمرک ، اتو ، آذوقه ، اردو ، سوغات ، اوستا ، الک ، النگو ، آماج ، ایل ، بيزار ، تپه ، چکش ، چماق ، چوپان ، چنگال ، چپاول ، چادر ، باجه ، بشگه ، بقچه ، چروک

Түркі тілінен экономикалық терминдердің саны оншалықты көп емес. Мысалы:

الماع - خریدن - сатуға мәжбірлеу

ساتماق - فروختن - сату

يريمک - راهانندن رفتن - жұмыс істеуге жол көрсету

آذوقه - түлік - азық

تغار - در اصل به معنای خُرچین: چیزی که در آن گندم و جز آن بریزند / қоржын дегенді береді, оның

ішіне бидай немесе басқа заттар салған.

تومان(ده هزار) / иран ақшасы / туман

خان به معنی رئیس . امیر . بزرگ. اما خان به معنی خانه فارسی است. Бастық

خانم ترکی (معین) ترکی - ханым

Осылай ерте кезден ирандықтар түркі тілдес халықтармен тығыз байланыста болды. Тарихи-археологиялық, көркем әдебиеттерде кездесетін түркі тілдерінің сөздері де біршама кездеседі. Сондай-ақ түркі-монғол сөздері де парсы тіліне әсер етпей қойған жоқ. Бұл тілдер қазіргі парсы сөздік қорында араб пен европа тілдерінен кейін үшінші орынды иеленді.

Мұндай сөздерді экономика, мәдениет, ауыл шаруашылық салаларында кең түрде қолданылады. Мысалы:

Қамшы qamchi әскер artesh түйме dogme

Қайшы qeichi арабашы arabechi

Ал монғол тілінен: жасақ qasaie жарлық iarliq

Жасауыл iasauil хан han - есім сөздерінің соңына жалғанады. Мысалы:

Кәрімхан Kerimkhan Әлихан Alikhan және т.б.

Ғазнавидтер мен Селжұқтардың ел билеген тұсында парсы-дари тіліне көптеген түркі сөздері енді. Ал Шыңғысхан Иранға шабуыл жасаған тұсында, яғни 1249-1528 жылдарында парсы-дари тіліне көптеген монғол сөздері енген болатын. Осы тұста сефевидтертердің мемлекетінің құрылуымен тұспа-тұс келеді.

Осы орайда, әсіресе қазақ тілінде парсы тілінен енген кірме сөздер ерекше орын алады. Өйткені, араб-парсы тілдері түркі тілдерінің даму тарихында айтарлықтай қызмет атқарды. Оған тарихымыз және тіліміз куә. Осы тұрғыда бірқатар шығыстанушы ғалымдар түркі тілдеріндегі парсы сөздері жайында XIX ғасырдың соңынан бастап күні бүгінге дейін зерттеулер жүргізіп келе жатыр. Мысалы, түркі тілдеріндегі араб-парсы сөздері жайлы жазған М. Фасмер, И. Битнер, Г. Мегер зерттеулерін келтіруге болады. Е.Б. Бекмухамбетов, Л.З. Рүстемовтің сөздіктеріне тоқталмауға болмайды. Өйтпесе, осындай елдердің халқы мен тіліндегі жақындасудың себептері мен жолдары әр түрлі болды. Ал XIX ғасырдың бірінші жартысында парсы сөздерінің қазақ тіліне енуі неғұрылым көбейе түсті.

Қазіргі қазақ тіліндегі парсы сөздерін екі топқа бөліп қарауға болады:

а) қазақ тіліне ерте кезден әбден сіңісіп кеткен сөздер;

ә) қазақ тілінде мейлінше жиі қолданылатын сөздер.

Мысалы, бірінші топқа мынадай сөздер жатады: құдірет qodrat, әлем alam адам adam, амал amal және тағы басқа.

Ал, екінші топқа мақұрым mahrum, ғибадат qibadat, безер bizar, дарбаза darbaze. Осы секілді сөздер халық тіліне етене сіңісе қойған жоқ.

Парсы сөздері араб сөздерінен әлдеқайда ертерек Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі тайпаларының тіліне ене бастаған. Кейбір тайпалардың аттары мен географиялық атауларға талдау жасай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: біздің заманымыздан бұрынғы IV-VI ғасырларда Қазақстанды мекендеген сақ тайпалары солтүстік тобы түркі тілдерінде, ал оңтүстік бөлігі парсы тілінде сөйлеген. Мәдениеті мен өнері дамудың біршама жоғары сатысына жеткен көшіп-қонымды сақ тайпалары біздің заманымызға дейінгі IV-VI ғасырларда Персиямен сауда саласында тығыз қарым-қатынаста болды. Өзара әскери одақ құрып, ортақ жауға қарсы күресу жөніндегі қатынастар бұл тайпалар арасында өз ықпалын тигізген. Араб сөздері түркі тілдеріне парсы тілі арқылы енген. Парсы тіліндегі лексикалық элементтерінің қазақ тіліне ауысуына тағы бір себеп бұл сол кездегі елдердің арасындағы сауда-саттық, экономикалық қатынас болды. Өйткені, Орта Азияны Ресей, Сібір, Қытай және Монғолиямен байланыстыратын үлкен жол қазақ даласы арқылы өтті. Сөйтіп, Иранмен сауда жасаған. Бұнда Ұлы Жібек жолы үлкен роль атқарды.

Сонымен, парсы лексикалық сөздерінің қазақ тіліне енуіне өзбек тілінің әсері де өте көп болды. Өзбек тілінде парсы лексикалық сөздері өте көп және өзбек тіліне енген парсы сөздері сол қалпында, яғни фонетикалық тұлғасын өзгертпей қолданылады. Ұлы ақын-жазушылар парсы сөздерін өз шығармаларында барынша көп пайдаланды.

Дәріс10

Парсы тіліне монғол тілінен енген терминдер және оның ену тарихы.

- 1 Парсы тіліне монғол тілінен енген терминдер
- 2 Парсы тіліне монғол тілінен енген терминдер ену тарихы.
- 3 Қазіргі монғол тілінен енген сөздердің қолданысы.

Ғазнавидтер мен Селжұқтардың ел билеген тұсында парсы-дари тіліне көптеген түркі сөздері енді. Ал Шыңғысхан Иранға шабуыл жасаған тұсында, яғни 1249-1528 жылдарында парсы-дари тіліне көптеген монғол сөздері енген болатын. Осы тұста сефевидтертердің мемлекетінің құрылуымен тұспа-тұс келеді.

Мұндай сөздерді экономика, мәдениет, ауыл шаруашылық салаларында кең түрде қолданылады. Мысалы:

Қамшы qamchi әскер artesh түйме dogme

Қайшы qeichi арабашы arabechi

Ал монғол тілінен: жасақ qasaie жарлық iarliq

Жасауыл iasauil хан han - есім сөздерінің соңына жалғанады. Мысалы:

Кәрімхан Kerimkhan Әлихан Alikhan және т.б.

Осы орайда, әсіресе қазақ тілінде парсы тілінен енген кірме сөздер ерекше орын алады. Өйткені, араб-парсы тілдері түркі тілдерінің даму тарихында айтарлықтай қызмет атқарды. Оған тарихымыз және тіліміз куә. Осы тұрғыда бірқатар шығыстанушы ғалымдар түркі тілдеріндегі парсы сөздері жайында XIX ғасырдың соңынан бастап күні бүгінге дейін зерттеулер жүргізіп келе жатыр. Мысалы, түркі тілдеріндегі араб-парсы сөздері жайлы жазған М. Фасмер, И. Битнер, Г. Мегер зерттеулерін келтіруге болады. Е.Б. Бекмухамбетов, Л.З. Рүстемовтің сөздіктеріне тоқталмауға болмайды. Әйтпесе, осындай елдердің халқы мен тіліндегі жақындасудың себептері мен жолдары әр түрлі болды. Ал XIX ғасырдың бірінші жартысында парсы сөздерінің қазақ тіліне енуі неғұрылым көбейе түсті.

Қазіргі қазақ тіліндегі парсы сөздерін екі топқа бөліп қарауға болады:

- а) қазақ тіліне ерте кезден әбден сіңісіп кеткен сөздер;
- ә) қазақ тілінде мейлінше жиі қолданылатын сөздер.

Мысалы, бірінші топқа мынадай сөздер жатады: құдірет *qodrat*, әлем *alam* адам *adam*, амал *amal* және тағы басқа.

Ал, екінші топқа мақұрым *mahrum*, ғибадат *qibadat*, безер *bizar*, дарбаза *darbaze*. Осы секілді сөздер халық тіліне етене сіңісе қойған жоқ.

Парсы сөздері араб сөздерінен әлдеқайда ертерек Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі тайпаларының тіліне ене бастаған. Кейбір тайпалардың аттары мен географиялық атауларға талдау жасай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: біздің заманымыздан бұрынғы IV-VI ғасырларда Қазақстанды мекендеген сақ тайпалары солтүстік тобы түркі тілдерінде, ал оңтүстік бөлігі парсы тілінде сөйлеген. Мәдениеті мен өнері дамудың біршама жоғары сатысына жеткен көшіп-қонымды сақ тайпалары біздің заманымызға дейінгі IV-VI ғасырларда Персиямен сауда саласында тығыз қарым-қатынаста болды. Өзара әскери одақ құрып, ортақ жауға қарсы күресу жөніндегі қатынастар бұл тайпалар арасында өз ықпалын тигізген. Араб сөздері түркі тілдеріне парсы тілі арқылы енген. Парсы тіліндегі лексикалық элементтерінің қазақ тіліне ауысуына тағы бір себеп бұл сол кездегі елдердің арасындағы сауда-саттық, экономикалық қатынас болды. Өйткені, Орта Азияны Ресей, Сібір, Қытай және Монғолиямен байланыстыратын үлкен жол қазақ даласы арқылы өтті. Сөйтіп, Иранмен сауда жасаған. Бұнда Ұлы Жібек жолы үлкен роль атқарды.

Сонымен, парсы лексикалық сөздерінің қазақ тіліне енуіне өзбек тілінің әсері де өте көп болды. Өзбек тілінде парсы лексикалық сөздері өте көп және өзбек тіліне енген парсы сөздері сол қалпында, яғни фонетикалық тұлғасын өзгертпей қолданылады. Ұлы ақын-жазушылар парсы сөздерін өз шығармаларында барынша көп пайдаланды.

Дәріс 11

Европа тілдерінен енген терминдер

1. Француз тілінен енген терминдер.
2. Француз тілінен енген терминдердің тарихы
3. Парсы тіліндегі күнделекті қолданыстағы ағылшын терминдері

Соңғы жылдары бірнеше мың европа тілінен парсы тіліне кірме сөздер енді. Жаңа сөздердің жасалуы әртүрлі болып, бұл сөздер мәдениет, тіл, ұлт қажеттілігіне қажет. Сондай-ақ жұмыс барысында әр салада ол сөздерді қолданамыз. Әскери кірме сөздер

Исламға дейін кірді. Мысалы: ارتش және т.б. Бірақ кейбір кірме сөздер мәдениетіне сай келмейді және грамматикалық, фонетикалық ережелеріне сайкес емес. Парсы тілі орталығы «Фэрһангестан» кірме сөздердің баламасын тауып жұмыс істеп жатқанын айтқымыз келеді. Бұл сөздерді жалпы сөздер деп қабылдап, анатомия сөзінің орнына گذرنامه → پاسپورت → کالبدشناسی → آناتومی , компьютер сөзінің орнына رایانامه → ایمیل e-maile , کامپیوتر → رایانه , субсидия сөзінің орнына یارانه → سوبسید және т.б. сөздерді айтуға болады.

Бұдан басқа экономика саласында қолданылатын төмендегідей сөздер парсы тіліне енді: интернет – اینترنت , телефон تلفن , сайт سایت , цемент سیمن , кислород اکسیژن , банк بانک , почта پست , ресторан رستوران , грант بورس және т.б. сөздерді келтіруге болады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында еуропа тілдері парсы тіліне қатты әсер етті. Соның ішінде француз кірме сөздері бірінші орында тұрды. Мысалы: парламент Parlamen, мемлекеттік төңкеріс kudeta, кабинет kabin, режим rejim, трибуна teribun, пропаганда proraganda , демократия demukrasi және т.б. сөздері енді.

Осыдан француз кірме сөздері парсы тілінде мәдениет, экономика, ғылым, өнер, техника және тағы басқа салада француз кірме сөздерімен толықсып көбейе түсті. Мысалы:

Ғылыми-техникалық, мәдениет және өнер терминдері:
Техника teknik, химия shimi, филология filuloji, банк bank, опера opera, картина table, карикатура karikatur, профессор profesur және тағы басқалар.

Европалық мәдениетке еліктеген аристократтар мен интеллигенттердің шет елге шығуына байланысты көптеген терең өзгерістер туындады. Киім кию, сөйлеу мәнері өзгерістерге ұшырады, соның нәтижесінде: салон salon, рахмет mersi, әдемі киіну shik.

Мода mod, шалбар shalvar, лидер lider және т.б. сөздер парсы тіліне енді. Ал ағылшын тілінің сөздері XIX ғасырдың соңынан ене бастады. Техниканың өркендеуіне байланысты және ғылымның дамуына орай көптеген халықаралық терминдер осы ағылшын тілінен алынды.

Сайып келгенде, айта кеткен жөн, қазіргі таңда ағылшын тілінің шарықтаған кезеңі тұсында ағылшын тілі тек парсы тілінде ғана емес, сондай-ақ басқа тілдерде де жиі қолданыла бастады: джип jip, джаз jaz , торт keik және тағы басқалар қолданысқа енді.

Дәріс12

Орыс тілінен енген терминдер.

1. Орыс тілінен енген терминдер.
2. Орыс тілінен енген терминдердің тарихы
3. Парсы тіліндегі күнделекті қолданыстағы орыс терминдері

Ресей мен Иран арасындағы экономикалық қарым-қатынастары XVI ғасырдың екінші жартысына жатады. Осы орайды, Поволжье, Астрахань, Каспий теңізі жағалауының ең шарықтаған кезеңі болып табылады. Шаһ Аббас-2 (1664 ж.) орыс көпестерін парсы қалаларында еркін сауда-саттық жасауға рұқсат берді. Осы кезеңде мына сөздер бөшке boshke, стакан estekan ,самаурын samovar ,квас kavas және т.б. сөздер.

Ал, екінші топ кірме сөздері ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында патшалық Ресей Иранда өзінің экономикалық ықпалымен әсер етті. Яғни, жолдар, орыс банкілері салынды, сауда-саттық орталықтары, әскери бөлімдер ашылды. Сол кезде төмендегі сөздер енді.

Мысалы: дорожка daroshke, вагон vagon, тормоз tormoz. Әрине, мұндай сөздердің ерекшелігіне көңіл бөлген жөн. Осы орайда, әсіресе қазақ тілінде парсы тілінен енген кірме сөздер ерекше орын алады. Өйткені, араб-парсы тілдері түркі тілдерінің даму тарихында айтарлықтай қызмет атқарды. Оған тарихымыз және тіліміз куә. Осы тұрғыда бірқатар шығыстанушы ғалымдар түркі тілдеріндегі парсы сөздері жайында ХІХ ғасырдың соңынан бастап күні бүгінге дейін зерттеулер жүргізіп келе жатыр. Мысалы, түркі тілдеріндегі араб-парсы сөздері жайлы жазған М. Фасмер, И. Битнер, Г. Мегер зерттеулерін келтіруге болады. Е.Б. Бекмухамбетов, Л.З. Рүстемовтің сөздіктеріне тоқталмауға болмайды. Әйтпесе, осындай елдердің халқы мен тіліндегі жақындасудың себептері мен жолдары әр түрлі болды.

Дәріс 13

Парсы тіліндегі экономикалық терминдердің жасалуы мен зерттеулері

1. Парсы тіліндегі экономикалық терминдердің жасалуы
2. Экономикалық терминдер туралы зерттеулер
3. Парсы экономикалық терминдерді зерттеген ғалымдар

Парсы мәдениеті – Азия аймағында ұзақ тарихы бар, кең тараған және кеңінен ықпал еткен мәдениеттің бірі. Парсы тілі (немесе фарси) үнді-еуропалық тілдер әулетінің иран тобының оңтүстік-батыс тармағына жатады және Иран Ислам Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Тарихтың беттерін ашып көрсек, шұрайлы парсы тілде Орталық Азия халықтарының тарихы жөнінде көптеген бағалы кітаптар жазылған. Иран – көне дүние жүзілік мәдени ошақтарының бірі.

Экономикалық терминдердің жасалу жолдарын шетел ғалымдары О.Г. Винокур, В.Б. Иванов, Е.П. Гладкова, В.П. Даниленко, Х. Пихт, Ю.А. Рубинчик, Л.С. Пейсиков, Л.Ж. Руссо, Д.С. Лотте, С.В. Гринева, А.А. Реформатский, Р.Ю. Кобрин, Г. Фелбер, П. Хоффман, және т.б. атап өтуге болады.

Парсы тіліндегі экономикалық терминдер жайында Али Реза Ширази, Ж. Фейрхаһан, А. Шариати, И. Набуди, А. Комран және т.б. зерттеулер жасаған. 2008 жылы Е.П. Гладкованың «Персидский язык для экономистов – международников» атты кітабы шықты. Мұнда экономикалық терминдері бар мәтіндер, экономикалық терминдердің қолданылуына тоқталады және экономикалық терминдер беріледі. 2001-2007 жылдары Ресейде 20-дан астам экономикалық терминдер бойынша диссертациялық жұмыстары қорғалды. Соның ішінде, орыс, батыс, шығыс тілдері негізге алынды. Араб-парсы экономикалық терминдердің орны бөлек екенін айтып өткеніміз жөн. 2007 жылы «Дүние жүзілік экономикалық форумында» «Arab world Competitiveness report»

экономикалық терминдер таңдалынып алынды. Араб тіліндегі осы экономикалық терминдер парсы тілінде кездестіреміз және қолданыс аясында баршылық.

Скворцова Ирина Вячеславна 2008 жылы мынандай тақырыпта : «Особенности экономической терминологии современного арабского литературного языка: на материале арабской прессы начала XXI века» кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл еңбекте қазіргі тіл біліміндегі экономикалық терминдердің жасалу жолдары және олар жайында жалпы түсініктеме беріледі, орыс және шетел тіл біліміндегі термин жасам мәселесінің зерттелуі, араб тіл біліміндегі терминжасамның зерттелуі мәселелері, экономикалық терминжасамға жалпы шолу жасалады, экономикалық терминжасамның қазіргі лингвистикадағы мәселелері, араб әдеби тілінде экономикалық терминдердің ерекшеліктері, қазіргі араб әдеби тіліндегі терминдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері, термин жасамның морфология-синтаксистік тәсілдері және т.б. мәселелерді қамтиды .

Дүние жүзінде барлық тілдерінде енген ағылшын кірме сөздері кең қолданысқа ие болып отыр. Қазіргі соңғы жылдары, әсіресе информатика және телекоммуникацияға қатысы терминдер көбірек. Бұндай халықаралық терминдер болу керек пе әлде болмау керек пе деген сұрақтар туындап жүргені бар. А. Куранбеков «Проблемы формирования научно-технической терминологии в современном персидском языке» атты мақаласында да Ирандағы Академиялардың жұмысы жайында толыққанды мәлімет береді . Иран елінде 1933 жылдан бері парсы тілі мен әдебиеті Академияның үздіксіз істеп келе жатқанына тоқталады. Академияның соңғы қызмет кезі 1991 жылы басталып, 1997 жылы «Таңдалған сөздердің ережесі мен принциптері» атты еңбекті жинақтап, бекітті, бұл сөздер шетел тілдерінен енген кірме сөздерді орнына алынған сөздер болып табылады . Таңдалынған сөздер қазіргі парсы тілінің нормативтеріне сүйене отырып, қазіргі парсы тілінің фонетикалық ережелері негізінде жинақталған.

А. Акбарипурдың «Терминологическое строительство в Иране» Москва, 2006 ж. диссертациялық еңбегінде Иран Академиясының жұмысы, терминдер тізімі, бұл терминдер орыс-парсы, парсы-орыс немесе қазақ-парсы, парсы-қазақ сөздігін немесе парсы тілі оқулықтарын құрастыруға өте пайдалы құрал. Бұл диссертациялық жұмыстың нәтижесі ирантанушылар, лингвистер, парсы тілі мен әдебиеті оқытушыларына, студенттерге, магистрлерге және парсы тілін үйренушілерге өте пайдалы әрі қызықты болып табылады. Мұндағы үш бөлімде үш Академияның жұмысы және парсы сөздерінің жасалуы және Академияның рөлі, парсы тілі кірме сөздерінің, сөздердің жасалуы туралы да толығырақ мәлімет береді.

Ақшалова Б.Н. Экономикалық лексиканы аударудың кейбір мәселелері жайында толыққанды мәліметтер береді .

Дәріс 14

Парсы тіліндегі сөзжасам теориясының жалпы мәселелері

Жоспар

1. Парсы тіліндегі сөзжасам теориясының жалпы мәселелері
2. Парсы сөздерінің құрылымдық сипаттамасы
3. Интерфикс (байланыстырушы морфема) тілдің құрылымдық сөзжасам тәсілі.

Сөздің лексикалық я грамматикалық мағыналарын білдіретін бөлшектері морфемалар екені белгілі. Морфемалар да сөздің құрамы сияқты жүйелі құбылыстар. Олардың жүйелі құбылыс екендіктерін түбір мен қосымшалардың ара-қатынастарынан көруге болады. Түбір морфемаға нақтылық дербестік тән болса, қосымша морфема барлық сөзге жалғанады. Сөздің құрылымдық сипаттамасы ретінде біз оның морфемалық құрылысын (құрамы, морфеманың түрлері, байланыстарының тәсілдері) түсінеміз. “Морфема” термині сөздің материалдық айқындалған немесе айқындалмаған маңызды бөлігі мағынасында қолданылады. Сөздердегі морфемалық талдаудың бірінші кезеңі үдерісінде маңызды бірліктер (морфемалар) және маңызды емес (интерфикстер) бөлініп алынады. Бұл бірліктер ұдайы жанданып тұрады және белгілі бір ережелерге сәйкес әртүрлі құрылымдық сөздердің материалы ретінде пайдаланылады. Морфемалар лексикалық (басқаша айтқанда, “түбірлі” немесе “түбір морфемалары”) және аффиксті деп бөлінеді. Интерфикстер лексикалық морфемаларды байланыстыратын бірліктер қызметін атқарады. Морфемдік мүшелеу үдерісі бірқатар қиындықтарға ұшырайды.

Сөздің лексикалық я грамматикалық мағыналарын білдіретін бөлшектері морфемалар екені белгілі. Морфемалар да сөздің құрамы сияқты жүйелі құбылыстар. Олардың жүйелі құбылыс екендіктерін түбір мен қосымшалардың ара-қатынастарынан көруге болады. Түбір морфемаға нақтылық дербестік тән болса, қосымша морфема барлық сөзге жалғанады. Сөздің құрылымдық сипаттамасы ретінде біз оның морфемалық құрылысын (құрамы, морфеманың түрлері, байланыстарының тәсілдері) түсінеміз. “Морфема” термині сөздің материалдық айқындалған немесе айқындалмаған маңызды бөлігі мағынасында қолданылады. Сөздердегі морфемалық талдаудың бірінші кезеңі үдерісінде маңызды бірліктер (морфемалар) және маңызды емес (интерфикстер) бөлініп алынады. Бұл бірліктер ұдайы жанданып тұрады және белгілі бір ережелерге сәйкес әртүрлі құрылымдық сөздердің материалы ретінде пайдаланылады. Морфемалар лексикалық (басқаша айтқанда, “түбірлі” немесе “түбір морфемалары”) және аффиксті деп бөлінеді. Интерфикстер лексикалық морфемаларды байланыстыратын бірліктер қызметін атқарады. Морфемдік мүшелеу үдерісі бірқатар қиындықтарға ұшырайды.

Бұл элементтерді сөз морфемасына жатқызудың барлық негіздері бар. Сөз морфемасы, кейбір етістікті үйлесімділіктер талдауы көрсеткендей, етістікті кешеннің бір бөлігі ретінде сөз бен морфема арасындағы бірлік болып табылады.

Сөз морфемасының етістікпен қосылуы күрделі сөздің ерекше түрі немесе “гибридті” жасалу парсы және басқа да иран тілдеріне тән фразеологиялық бірлік пен күрделі сөздің арасындағы аралық буын болып табылады.

Лексикалық морфемалар бір-бірімен тікелей, агглютинативті (байланыстырушы элементсіз) немесе интерфикс – байланыстырушы

элемент арқылы байланысады. Тікелей байланысқанда морфемалық жік (морфемалар арасындағы шекара) буындардың түйісер жерінде ғана емес, лексикалық морфема мағынасы жағынан бөлектендірілген жерде жүреді: “авианосец” بر/پیما/ هوا “акула” ماهی/کوسه “тасбақа” پشت/ سنگ.

Егер лексикалық морфема интерфикс арқылы қосылған болса, мысалы گفتگو “сирек”, دیربدر “толған”, مالامال “әр түрлі”, “шұбар, ала” رنگارنگ “әңгіме”, دورتا دور “айнала” және т.б. онда интерфикстің өзі лексикалық морфемаға айырушы белгі қызмет атқарады.

Барлық лексикалық морфема, әдеттегідей, сөзде қатаң тәртіппен орналасады. Күрделі сөздердің көп түрлерінде морфемаларды ауыстыру мүмкін емес. Алайда, кейбір күрделі сөздер үлгілерінде бүтін мағынаның бұзылуынсыз лексикалық морфеманың кері орналасуына жол беріледі. Мысалы, رفت و آمد және رفت و آمد “бозарған”, رنگ پریده және رنگ پریده “қозғалыс”, سگ توله және سگ توله “күшік” және т.б. Кейде, морфемалардың кері орналасуы поэзия тілінің арқасында мүмкін болады. Себебі, поэзия тілінде тілдің стилистикалық нормасымен қатар, грамматикалық нормасы да бұзылады.

Дәріс15

Парсы тілі тіліндегі сөздердің құрылымдық сипаттамасы.

1. Парсы тілі тіліндегі сөздердің құрылымдық сипаттамасы.
2. Парсы тілінде интерфикстің түрлері
3. Парсы сөздерінің жасалу жолының ерекшеліктері

Парсы тілінде сіңісу үдерісіне әр түрлі тарихи кезеңдерде лексикалық морфемалары тек этимология әдісі арқылы анықталатын мынандай сөздер ұшыраған: خراسان “Хорасан” (жер атауы), خورشید “күн”, دشمن “жау”, دژخیم “жендет”, انوشیرون “Ануширван” (адам аты), مرداد “мурдад” (ай атауы) және т.б. Бірақ, барлық аталған сөздердің морфемалық талдауы синхрония тұрғысынан ешбір мәнге ие емес, сондықтан да олар жай сөздерге жатқызылуы керек. Дәл осылай тарихи күрделі сөздер жасалынады. Онда бір бөлігі ұмытылған, семантика жағынан айқындалмаған және жеке сөз ретінде тірегі жоқ болса, ал екінші бөлігі жеке сөз ретінде қызмет атқарады. Мысалы, دشنام «балағат сөз» (орта парсы тілінде دشنام тура аудармасы жаман есім, жаман сөз) сөзінде тек бір лексикалық морфема бар — نام “есім”, ол жеке نام “есім” сөзі ретінде ғана емес, сонымен қатар, түбір сөздерде де тиісті тірегі бар. Мысалы, نامدار «атақты», نامی “танымал”, نامیدن “атау” және т.б. دش — бөлшегі морфема ретінде бөліп қарастырылмайды. Себебі, оның мағынасы мен тиісті лексикалық тірегі жоқ.

Екінші қиындық өтпелі және басқа да жағдайлармен байланысты. Бұл жағдайда бөлініп алынған морфема өзінің лексикалық мағынасын сақтай отырып, жеке сөз ретінде тірегінің болмауымен сипатталады. Оларға “бөлме”, “үй” мағынасындағы -کد/کت, -کده, “бастық”, “жетекші”, “басшы” мағынасындағы -میر, “түс”, “түр” “бейне”, “амал, тәсіл” мағынасындағы — گاه, “түс”, “бояу” мағынасындағы — فام, “орын” мағынасындағы — گاه, “паналайтын орын”, “мәнер” мағынасындағы — ماب, “ой”, “болмыс”, “қасиет” мағынасындағы — منش және т.б. жатады.

“егіз”, سه قولو “үш егізек, үшем”, چهار قولو “төрт егізек, төртем” және т.б. сөздерде (قولو) екінші бөлігі жеке сөз ретінде қолданылмайды. Алайда, ол белгілі лексикалық мағына арқылы анықталады: егер قولو (“екі” + قولو) “егіз”, ал سه قولو (“үш” + قولو), “үш егізек, үшем” мағынасын білдірсе, онда قولو “бала” мағынасындағы лексикалық морфема ретінде қолданылады.

Көптеген күрделі, жартылай аффиксті және күрделі сөздер құрылымында (میختن, شناس “тану”, “білу” сөзінен شناسن, دار – “ие болу” داشتن) “араластыру” сөзінен آمیز және т.б.) қазіргі тілде сирек бұйрық рай формасында жеке қолданылатын және синтаксистік валенттілігі жоқ етістіктің осы шақ негізі кездеседі. Лексикалық морфема ретінде қалыптасып, және толық мәнді етістікті сөздер бола тұрып, олар белгілі “етістікті” мағынаға ие. Мысалы, сөз құрамында –گیر түбірі “алушы”, “жармасушы” мағынасына ие, (برقگیر “жайтартар”, тура аудармасы: “найзағай ұстаушы”), شناس – түбірі “білуші”, “зерттеуші” мағынасын білдіреді (زبانشناس “тіл маманы”, тура аудармасы: “тілдерді зерттеуші”), –ر түбірі “тасымалдаушы” мағынасына ие (هواپیمابر “авианосец” тура аудармасы: “ұшақ тасушы”) және т.б.

Қарастырылып отырған түбірлердің кейбіреулері аффиксті морфемаға, суффикске айналу тенденциясына ие. Себебі олар кең қолданысқа түсуі мен біртіндеп категориялық-грамматикалық мағынаға иелене алады. Осыған байланысты ғылыми әдебиетте –آمیز, –انگیز, –آور, –زا және басқа да етістікті лексикалық морфемаларға “сын есім суффиксі” немесе “девербативті суффикс” термині қолданылады.

Парсы тіліндегі күрделі етістіктер жүйесін талдаудағы тағы бір қиындық атаулы бөлік пен етістікті үйлесімді байланыстыратын тұрақты етістікті бірліктер болып табылады.

Егер лексикалық морфема интерфикс арқылы қосылған болса, мысалы گفتگو “сирек”, دیردیر “толған”, مالامال “әр түрлі”, “шұбар, ала”, رنگارنگ “әңгіме”, دورتا دور “айнала” және т.б. онда интерфикстің өзі лексикалық морфемаға айырушы белгі қызмет атқарады.

Барлық лексикалық морфема, әдеттегідей, сөзде қатаң тәртіппен орналасады. Күрделі сөздердің көп түрлерінде морфемаларды ауыстыру мүмкін емес. Алайда, кейбір күрделі сөздер үлгілерінде бүтін мағынаның бұзылуынсыз лексикалық морфеманың кері орналасуына жол беріледі. Мысалы, آمد و رفت және رفت و آمد “бозарған”, پریده رنگ және رنگ پریده “қозғалыс”, سگ توله және توله سگ “күшік” және т.б. Кейде, морфемалардың кері орналасуы поэзия тілінің арқасында мүмкін болады. Себебі, поэзия тілінде тілдің стилистикалық нормасымен қатар, грамматикалық нормасы да бұзылады.

Сөз өзгертуші аффиксті морфема – әр түрлі сөйлем мүшелерінің сөз формасын жасауға арналған. Зат есімдерде – көпше түрлер, экспрессивті формалар, белгісіздік формалар, сапалық сын есімдерде – салыстырмалы және асырмалы шырайлар, етістіктерде – парадигманың аффиксті барлық формалары (می, به, -ان, приставкалары, инфинитив “жалғауы”).

Сөз өзгертуші аффиксті морфема сөздер емес, сөз тұлғалар жасайды, сондықтан сөзжасам жүйесіне еш қатысы жоқ. Сонымен қатар, экспрессивті, модальді-стилистикалық мәнге ие және “нөлдік” сөз тұлғаларында модальдылық, экспрессия, стилистика тұрғысында қарсы тұратын сөзформаларын жасаушы аффиксті морфема туралы да айтуға болады. Бұған –که, –چە, –ی жұрнақтарымен қолданылып жалпы және жеке зат есімнің кішірейту формалары (بازارچه “кішкентай

базар”, خروسیک “кішкентай әтеш”, لب خندک “күлімдеу”, خبرک “кішкене хабар”, جوجهک “шөже”), “лепті алеф” (الف ندا) аталатын есімнің шақыру, қарату формалары (دوستا “уа, достым”, پدرا “о, әкешім”, اعليحضرتا “Ұлы мәртебелім!” және т.б.), ауызекі сөйлеу тілінде қолданылтын – жұрнақты (دختره “қыз”, پسره “бала”, مادرچه “анашым”).

Сөзжасамдық аффиксті морфема белгілі бір сөйлем мүшесіне жататын жаңа сөздер жасауға арналған. Аффикстің бұл түрімен жасалған сөздер туынды немесе күрделі туынды сөздер деп аталады. Парсы тілінде суффикс, префикс және инфикстен басқа сөз жасамды аффиксті морфемалардан басқа

Аффиксті морфема лексикалық морфемаға агглютинативті жолмен жалғанады. Көп жағдайларда аффиксті морфема мен лексикалық морфема арасынан өтетін морфемалық жік өткізбейтін бөгет тәрізді, яғни, қандай да бір бөлшектің қосымшасын қосуға болмайды. Бірақ етістікті префикстердің морфемалық шектердің түбіріне жалғануы барысында, есімдіктердің энклитикалық жалғаулары немесе сөз өзгертуші морфемалар жалғануы мүмкін: بر-نه-داشتند “ол алмады”, بر-نه-داشت “оны алыңдар”, بر-ش-داريد “алмады”, فرا-نه-گرفت “қамтымады” және т.б.

Парсы тілінде агглютинациямен қатар, лексикалық қосымшалар арқылы морфемалардың соңы келесі морфемалардың басын біріктіретін эпентетикалық байланысы көп таралған:

- **эпентезасы:** مخف-ی-انه “сөйлеуші” گو-ی-ا “сынақ”, آزما-ی-ش “құпия түрде”, طوطی-ی-ک “жылдық” سال-ی-انه “кішкене тотықұс”.

- **эпентезасы:** سفرا-و-ی , آهو-و-ک “еліктің баласы”, جاد-و-انه “ашуланшақ (адам)”, کره-و-ی “дөңгелек іспеттес”.

- **эпентезасы:** خان-ه-وار “отбасы”, پرورد-ه-گار “құдай”, ساز-ه-مان “құрылым”, انگوشت-ه-وانه “оймақ”, شاد-ه-مان “қуанышты” [e]- (е деп дыбысталады, бірақ жазылмайды).

- **эпентезасы:** (q-) -گ-انه “үштік”, سه-گ-انه “екілік”, دو-گ-انه “жеке”, جدا-گ-انه “оннан тұратын”, құлдық” بنده-گ-ی, “үй” خانه-گ-ی, “ұяшық” آشیانه-گ-ک, “құлдық”.

- **[h]- эпентезасы:** “ұяшық” آشیانه-ه-ک, “үйшік” خانه-ه-ک.